# SARYARQA

28 mamyr 2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№20 (8232)



KÚN TÁRTIBI
СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ
2-бет

AINA
ӨМІРІ ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ
3-бет

ZERDE
ТАРИХ – ҮРДІС, УАҚЫТ – ТӨРЕШІ
4-бет

KELBET
ШАҢЫРАҚТЫҢ КИЕСІ МЕН ИЕСІ ЕҢ...
6-бет


# ЕЛБАСЫНЫҢ БАСТАМАСЫ

***миллиондаған қазақты тарихи Отанымен қауыштырды***

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

***Қазақ халқы небір алмағайып күндерді бастан кешті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өткен ХХ ғасыр қазақ үшін қиянатты, өте ауыр ғасыр болды. 1921-1930 жылдағы аштықтан қазақтың тең жартысынан айырылдық. Кезінде ондай жағдай болмағанда, қазір қазақтың саны 50-60 миллионнан асып қалар еді. Одан кейін репрессия болды. 103 мың адам сотталды. Қазақтың 65 мың бетке ұстар зиялысы тұтқындалды. Оның 25 мыңы атылды. Қазақ үшін сөз айта алатын адамдардың тамырына балта шабылып, жойып жіберілді. Сол қиыншылықтар кезінде қазақтар жан сауғалап, дүниежүзіне шашырап кетті» деген сөздерінен де аңғаруға болады. Десе де, халқымыз осы тар жол тайғақ кешуден еңсесі түсіп, тауы шағылмай «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бүгінгідей бақытты, бейбіт күнге қол жеткізді. Осы ретте қазақтың Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының еселі еңбегі жайында айтпай кетуге болмас.***




Нұрсұлтан Назарбаев алыстағы ағайынды Отан құшағына оралтып, қазақ тарихында алтын парақтар ашты. КСРО толықтай тарамаған, Қазақ елі тәуелсіздігін әлі жарияламаған 1991 жылдың қыркүйек айында республика Президенті ретінде Түркияға ресми сапармен барып, Ыстанбұлда қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесті. Оларды көшіріп алуға уәде берді. Сол кездесуде қазақ диаспорасының өкілдері Елбасынан алғашқы кезекте жедел түрде Ауғанстаннан ауып барып, Пәкістанда, Иранда, Сауд Арабиясында және Түркияда тұрып жатқан қазақтарды елге қайтаруға қолұшын беруді өтінді. Президент бұл өтінішті бірден қабыл алып, тәуелсіздігіміз жария болғаннан кейінгі аз уақытта Қазақстаннан арнайы ұшақ жіберіп, бірқатар бауырымызды атамекенге жеткізді. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзінің Тәуелсіздігін жариялады. Араға 15 күн салып 31 желтоқсанында Президент радиодан алыста жүрген қандастарға арнап, «Алыстағы ағайындарға ақ тілек» атты әйгілі хатын жариялады. Хаттың қысқаша мазмұны: «Қымбатты отандастар! Қандас бауырлар! Ағайындар! Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған сіздерді кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба деген сұрақтың алаңдатып келгенін мен жақсы білемін.

►*3-бетте*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020 ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# КЕДЕЙЛІКТІ ҚАЛАЙ АУЫЗДЫҚТАЙМЫЗ?

***Үстіміздегі жылдың ақпан айында Парламент Мәжілісінің бір топ депутаттары ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминге ел ішіндегі кедейлік проблемасын ауыздықтау жөнінде депутаттық сауал жолдады. Онда ресми деректерге сүйенген халық қалаулылары Қазақстанда күнкөріс деңгейі төмен азаматтардың саны 1 млн. 65 мың адамнан асқандығын алға тартады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда кедейлік деңгейінің 21%-ға өсіп отырғанын көрсетеді. Бұл – ойланатындай күрделі жағдайдан көрініс береді. Үкімет тарапынан әл-ауқаты төмен жандарға қазіргі таңда қандай қамқорлық пен көмек жасалуда? Бұл тұрғыда ең әуелі ауызға аларымыз – атаулы әлеуметтік көмек.***

***Биылғы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша елімізде 135,7 мың отбасындағы 683,4 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалып, осы мақсатқа бюджеттен 122,8 млрд. теңге бөлініпті. АӘК көрсетудің жаңа тетігін іске асыру шеңберінде бұдан басқа еліміздің барлық өңірінде табысы аз отбасылардың мектеп жасына дейінгі балаларын кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы жылдың бірінші тоқсанында АӘК алушылар қатарындағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі 162,4 мың бала азық-түлік және тұрмыстық химия топтамасы түріндегі әлеуметтік көмек жиынтығын алыпты. Осы тұрғыдағы шаралар кедейліктің қамытын мойынға ілген жандарды ұшпаққа шығара ала ма? Еліміздің шағын бір бөлшегі ретіндегі Жезқазған қаласындағы жағдай қалай болып жатыр? Кедейшіліктің зардабын тартып отырған жандарға көмек пен қолдауымыздың деңгейі қандай? Біз бұл өзекті тақырыпты көтеру барысында осы сауалдарға жан-жақты жауап іздеген едік.***

## АӘК АЛУ АЛЫСҚА АПАРМАЙДЫ

«Кедейшілік неден?» деп сұрапты біреу Төле биден. Сонда би: «Кедейшілік үш ағайынды. Оның тұңғышы – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқышылдық. Осы үшеуін бойына үйір қылмаған адам кедей болмайды», – деп жауап беріпті. Бұл енді бағзы заманнан алынған мысал. Қазір заман басқа, қоғам бөлек дегендей. Ал, қазіргі кездегі кедейліктің себебі неде? Жалқаулық, еңбекке ұмтылмау деп түйіп айту да қиын. Тәуелсіздігіміздің алаң-белең уақытында кедейшілікті өтпелі кезеңнің қиындықтарымен сабақтастырдық. Экономикалық құлдырау, еңбек нарығындағы қолайсыз жағдайлар бүгінде бұрынғы өткір күйінен арылғанымен, кедейшілік шегіне жеткен жандар азаюдың орнына, көбейіп бара жатқаны қалай? Ең төменгі күнкөріс деңгейіне жеткен отбасыларына мемлекет тарапынан қолдау көрсету жылдар бойы әртүрлі деңгейде жасалып келеді. Мәселен, жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінің мөлшерінен аспайтын адамға немесе отбасына ақшалай әлеуметтік көмек берілетіні белгілі. Қарағанды облысы бойынша 2021 жылдың екінші тоқсанында кедейлік шегінің мөлшері 22883 теңге болып белгіленіпті. «Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің басшысы Ләйла Әлкебаева атаулы әлеуметтік көмек беру жайын кеңінен айтып берді.

– АӘК төлеу ережесі 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап өзгертілді. Әр отбасындағы еңбек ету жасындағы азамат міндетті түрде жұмыс істеуге тиіс. Бала 3 жасқа толса анасы жұмысқа шығуы керек, 18 жастан асқан бала студент болса оқу орнынан анықтама әкеледі. Негізінен қазір әлеуметтік көмек тағайындау үшін бір ғана құжат – төлқұжат сұралады. АӘК әр тоқсан сайын тағайындалады. Кедейшілік шегіне жеткен отбасының жан басына шаққандығы табысын арнайы комиссия қарайды, үй жағдайындағы тұрмысын да тексереді. Қала бойынша АӘК төлеуге 2021 жылы 297,3 млн. теңге бөлініп отыр. Оның 232 млн. теңгесі республикалық бюджет есебінен, 65,3 млн. теңгесі жергілікті бюджеттен. АӘК алушылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына кепілдендірілген әлеуметтік пакет шеңберінде биылғы жылға 55,4 млн. теңге қаржы қаралған. Жыл басынан бері 283 отбасындағы 1252 адамға АӘК көмек тағайындалып, 41 947 мың теңге төленді. Мектеп жасына дейінгі балалар тамақ өнімдерімен ай сайын және тұрмыстық химия тауарларымен тоқсан сайын қамтамасыз етіледі. Азық-түлік жиынтығының құрамы 1-3 жас, 3-6 жас аралығына байланысты балалардың жас мөлшеріне қарай өзгереді. Мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы бойынша жеңімпаз болған жеке кәсіпкер З.Р.Байтасова («Самаз» дүкені) кепілдендірілген әлеуметтік жиынтықтармен ойдағыдай қамтамасыз етуде. Үстіміздегі жылдың екінші жартыжылдығынан бастап кепілдік берілген әлеуметтік пакетті ұсынуды әлеуметтік қызметтер порталына көшіру жоспарлануда. Ауылдық округ әкімдіктері жанынан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ұйымдастырылған. Бұл арқылы интернетке қол жеткізе алмайтын АӘК алушылар кепілдік берілген әлеуметтік жиынтықты алуға тапсырысты рәсімдей алады. Сондай-ақ, биылғы екінші тоқсаннан бастап АӘК алуға өтінішті «электрондық үкімет» порталы арқылы беруге қол жеткізілді. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында мамандар кеңес береді, порталды қолдануды білмейтіндерге қызметті рәсімдеуге көмектеседі, – дейді Л.Б.Әлкебаева.

Бұл енді күнкөріс жағдайы төмендеп, кедейлік шегіне жеткен жандарға Үкімет тарапынан жасалып отырған негізгі көмек болып табылады. Бүгінгі қоғамда қалайда АӘК алуды мақсат тұтып, әртүрлі қитұрқы әрекеттерге баратын адамдардың да бар екенін естіп жүрміз. Ал, кейбір тұрмыстық ахуалы төмен, мұқтаждықпен ғұмыр кешіп жүрген жекелеген жандар жүрекжалғар мөлшердегі осы көмектің өзінен тыс қалып жатуы да мүмкін Осының бәріне «екі қолға бір күрек» дегендей, адамның қабілет-қарымына лайықты жұмыстың болмауы, айлық табысының төмендігі себеп болып отырғаны анық. Алайда, АӘК-ке арқа сүйеу де алысқа апаратын тірлік емес. Заманға икемделетін кез жетті. Сондықтан, бірыңғай Үкіметке ауыз ашып, әрекетсіз отыра бермей әркім өзіне лайықты өмір сүру жағдайын жасауға, әл-ауқатын жақсартуға ұмтылғаны да жөн.

►►*3-бетте*

***Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!***

31 мамыр – Қазақстанда саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл күн өткенді ұғыну тұрғысынан маңызды болып табылады, өз Тәуелсіздігімізді бағалауға мүмкіндік береді. Нәубеттен қаза болғандарды еске алу – еліміздің әрбір азаматының қасиетті борышы.

Қуғын-сүргін кезінде қазақ зиялыларының бүтіндей буыны жойылды, ашаршылық кезінде қазақ халқының жартысынан көбі қаза тапты. 100 мыңнан астам адам жер аударылып, 25 мыңнан астам адам өлім жазасына кесілді. Бұл – адамзат қасіретіне толы тарихтың қорқынышты беттері.

Жою саясаты бұрынғы кеңестік аумақта өмір сүретін көптеген ұлт өкілдерінің тағдырына кері әсерін тигізді. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстандағы лагерьлерге 5 миллионнан астам адам жер аударылды. Бұл – жан азабы, адамзат баласының жазылмайтын жарасы. Мұндай қасірет қайталанбауы үшін, оны ұмытпауымыз керек.

Халықтың тарихи жадына және демократиялық құндылықтарға негізделген Қазақстанның Тәуелсіздігі нығая берсін. Өткен ғасырдың ең қатыгез трагедияларының бірінде жазықсыз зардап шеккендердің барлығына құрмет көрсете отырып, біз жарқын болашаққа жол ашамыз.

**Жезқазған қаласының әкімі** — **Қайрат ӘБСАТТАРОВ**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы** — **Әбдірахман ДОСАНОВ**

*Құрметті жерлестер, қымбатты жас өрендер!*

Баршаңызды Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Әрқайсымыз үшін балалар – өмірдің басты мәні, бізді күн сайын алға жылжуға, межелеген мақсаттарға жетуге, көп нәрсеге ұмтылуға талпындырады. 2020 жылы Жезқазған қаласында 3019 бала дүниеге келді. Биылғы оқу жылын 1807 бірінші сынып оқушысы, 540 түлек аяқтайды. Олар – біздің болашағымыз. Түлектерімізге айқын мақсаттар мен ақ жол тілейміз!

Үлкендер балалардың қорғанышы, өскелең ұрпақ бізден қолдау, қамқорлық, тәлім-тәрбие қажет етеді. Онсыз бәсекеге қабілетті, шығармашыл, ізденімпаз тұлғаны қалыптастыру мүмкін емес. Бізді адам ретінде қалыптастыратын барлық дүние бойымызға балалық шақта дариды. Сондықтан мемлекетіміз өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін барлығын жасауда. «Жезқазғанның 70 жылдығына – 70 игі іс» жобасын іске асыру аясында биыл 140 спортшыға арналған жатақханасы бар жаңа спорт кешені, Теректі станциясында 80 орындық орта мектеп, сондай-ақ 2024 жылға дейін 1060 орындық 4 балабақша, тарихи-археологиялық мұражайдағы жаңа экспозициялық зал, Жезқазған өңірінің ауылдық жерлеріндегі балаларға, дарынды жеткіншектерге арналған «Өркен» мектебінде оқуға мүмкіндік беретін 200 орындық жатақхана жұмыс істей бастайды.

Қазіргі балалардың білім алуға үлкен мүмкіндіктері бар, олардың алдында көптеген жолдар ашық. Ең бастысы, ниеттеніп ұмтылу қажет. Біз сіздерге, жас жезқазғандықтар, нақ осы қызықты да жаңа, жарқын дүниелерді біліп тануға деген сарқылмас ізденіс пен құлшынысты тілегіміз келеді. Адал достар қастарыңыздан табылып, жүректеріңіз ізгілікке толы, жолдарыңыз әрдайым ашық және батыл идеялардың жаршысы болуларыңызға тілектеспіз!

***Мерекелеріңізбен!***

**Жезқазған қаласының әкімі** — **Қайрат ӘБСАТТАРОВ**
**Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы** — **Әбдірахман ДОСАНОВ**

## 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН және АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

***Қазақ халқының тарихында кеңес дәуір кезіндегі 1919-21 жылғы ашаршылық, 1930-1933 жылдардағы ұлы жұт, 1937-1940 жылдардағы жеке адамға табыну кезеңіндегі «Қызыл қырғын», 1941-1945 жылдар арасындағы Ұлы Отан соғысы деп аталған қанды қырғын ешуақытта ел жадынан ұмытылмайды.***

# СТЕПЛАГ ЛАГЕРІНІҢ БӨЛІМДЕРІ

Тарих ғылымдарының кандидаты А.Мұсағалиеваның пікірінше, кеңестік республикалар аумағында орналасқан еңбекпен түзеу мекемелерінің саны бойынша Қазақстан РСФСР мен Украинадан кейін үшінші орында болды. Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағатында бүкіл Одақ бойынша орналасқан лагерьлер туралы қажетті мәліметтер жинақталған. Ресей мұрағаттарының бір ерекшелігі, онда Кеңес дәуірінің 1950 жылдарының ортасына дейінгі созылған саяси репрессиялар деректері, оның ішінде еңбекпен түзеу лагерьлерінің құжаттары құпиясыздандырылған, яғни зерттеушілердің пайдалануына мүмкіншіліктері бар. Олардың арасынан қазіргі кезде қазақстандық мұрағаттарда сақталып отырған, құпиясыздандырылмаған, ғылыми айналымға енбеген көптеген құжаттарды кездестіруге болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатында бұрынғы Кеңестер Одағы Компартиясының мұрағаттық қорындағы құжаттар бар. Жалпы түрдегі құжаттар ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында да кездеседі. Басты дерек көздері Қарағанды, Ақмола облыстарының, Жезқазған қаласының мұрағаттарында бар. Ресей жергілікті мұрағаттарымен салыстырғанда, біздің облыстық мұрағаттарда әскери тұтқындар лагерьлерінің құжаттары біршама толық түрде кездеседі.

Степлаг лагерьлері Қарағандыдағы әскери тұтқындарға арналған №99 Спасск бөлімшесінің негізінде, кейін Қарсақбайдан Балқашқа дейінгі аймақты алып жатқан Карлаг территориясының бір бөлігін қамтыған Жезқазғандағы әскери тұтқындарға арналған №39 негізінде құрылды. Лагерь тұтқындары өздерінің каторгалық еңбектерімен көмір және мыс кенін өндірді, Жезқазғандағы тау-кен комбинатының құрылысын салды. Өндірістік жоспарда Степлаг лагерінің мынадай екі негізгі бағыттары болды; 1. Министрліктердің шаруашылық ұйымдары ұйымдары мен кәсіпорындарына контрагенттік негізде жұмыс күшін беру.

2. Лагерьдің жеке ауыл шарушылығы мен мұқтаждықтарына қызмет ету.

Степной лагерінің құрамында 9 бөлімшесі болған және олар жергілікті өндіріс орындарына жұмылдырған.

1-ші бөлімше лагерь басқармасынан 1 км жердегі Жезқазған –Руднигінде, Қарағанды темір жолының Ново-Рудная теміржол станциясынан 4 км жерде орналасты. Бұл лагерьлік бөлімше 2 шаруашылық органынан қызмет көрсетті: Металлургия өнеркәсібі министрлігінің Жезқазған мыс комбинатында мыс өндірді ( Балқаш және Қарсақбай мыс балқыту зауыттарына жіберіп отырды) және Байқоңыр кен орындарында қоңыр көмір өндірді (Қазмысқұрлыстың өз қажеттіліктеріне жұмсау үшін), сонымен бірге өндірістік кәсіпорындар мен тұрғын –жай қоры құрылысында жұмыс істеді.

►►*4-бетте*

## МИНИСТР МАРАПАТЫ

***Бүгініміз бен тарихымызды байланыстыратын құнды орындардың бірі – музей. Өлке тарихынан сыр шертіп, өткенімізден мағлұмат беретін М.Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің аймақ жұртына берер тағылымы мен ұсынар жәдігерлері қай кезде де кенде емес.***

# ҮЗДІК МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРІ – ЖЕЗДІДЕ



Үш гектар аумақты алып жатқан ашық аспан астындағы алаңда және 604 шаршы метрге орналасқан экспозиция залында 20 000-ға жуық жәдігер сақталған. Оның 15000-нан астамы – түпнұсқа. Шалғайдағы кентте орналасқанына қарамастан, музей ісін жандандырып, шежірелі мекен мен көнекөз жәдігерлер арқылы көрермен көңілінен ойып орын алған музейде еңбексүйгіш, білікті мамандар да аз емес. Солардың қатарында Үрзия Қапарованың есімін ерекше атауға болады.

2019 жылы Қарағанды облысы бойынша «Жылдың музей қызметкері» номинациясын жеңіп алған Үрзия Қапарова мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында мерейімізді тағы бір асырды. Республикалық «Рухани қазына – 2021» мәдениет және музей қызметкерлерінің байқауында «Үздік ауылдық маңызы бар мемлекеттік музей қызметкері» аталымының жеңімпазы атанды. Аталған байқауға еліміздің 15 өңірінен 313 өтініш келіп түскен.

Алғашқы еңбек жолын орыс тілі пәнінің мұғалімі болып бастаған ол 1999 жылдан бастап музейге экскурсовод болып жұмысқа орналасқан. Музейге 22 жылын арнаған Үрзия Қапарова бөлім меңгерушісі қызметіне дейін көтерілген.

Биылғы еліміздің мәдени астанасы Көкше өңірінде өткен байқаудың марапаттау кешіне барып қайтқан Үрзия Қапарова мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлованың қолынан марапаттау грамотасы мен статуэткасын алып келді.

**Өз тілшіміз**

## БӘРЕКЕЛДІ!

# ЕҢБЕК ЕЛЕНДІ

***21 мамыр Мәдениет пен өнер қызметкерлері күні қарсаңында облыс орталығы Қарағанды қаласындағы К.Станиславский атындағы орыс драма театрында мәдениет пен өнер саласының үздік қызметкерлерін марапаттау шарасы өтті.***



Мәдениет пен өнер қызметкерлеріне мемлекеттік қолдау көрсету, ынталандыру және әлеуметтік мәртебесін көтеру, атқарып жүрген еңбектерінің маңыздылығын арттыру мақсатында берілетін Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының жыл сайынғы сыйлығын басқарма басшысы Еркебұлан Жұмакенов табыстады.

COVID-19 індетіне орай шектеу шаралары енгізілуіне байланысты мәдениет пен өнер мекемелері де жұмыстарын онлайн форматта жүргізіп отырғаны белгілі. Дәл осы кезеңде техник мамандары, фото-видеоға түсірушілер мен басқа да қарапайым еңбеккерлердің жұмысына деген сұраныс артты. Осы жағдайларға байланысты биыл басқарма сыйлығын тапсырудың да форматы өзгерді. Бұл жолы сахна сыртындағы көрінбейтін фронтта еңбек етіп, құнды дүниелерді жарыққа шығарып жүрген өз ісінің білгір мамандарына кезек келді. Барлығы 10 номинация бойынша лауреаттар анықталды. Солардың бірі – театрдың қуыршақ труппасының көркемдік қойылым бөлімінің меңгерушісі Ботагөз Кедельбаева.Ол басқарманың «Үздік қоюшы маман» номинациясына лайықты деп танылды.

Ботагөз Қалиқызының саладағы жұмыс өтілі – 29 жыл, театрда еңбек еткеніне 17 жыл толып отыр. Алғашқыда театрдың мұражай қорының сақтаушысы болып еңбек етіп, ұйымдастырушылық қабілетімен көрінген ол 2019 жылы қуыршақ труппасының көркемдік қойылым бөліміне ауыстырылды. Өз ісіне шынайы берілген жауапкершілігі мол жан қуыршақ спектакльдерінің жоспарға сай дер кезінде, сапалы шығуына көп көңіл бөледі. Соның нәтижесінде, тартымды декорация, әдемі қуыршақтар арқылы әрленген спектакльдер кішкентай бүлдіршіндер көңілінен шығып жүр.

Шара барысында басқарма басшысы қолынан қуыршақ труппасының актрисасы Тихонова Светлана ҚР Мәдениет пен спорт министрлігінің Құрмет грамотасын, Тұрсымұратова Зере басқарманың Құрмет грамотасын алды.

Мерекеге орай театрда өткен шарада театр басшысы Досхан Сәкенұлы теардың көркемдік жетекшісі Кенжетай Абильдинге, қуыршақ труппасының реквизиторы Гүлнар Қабыловаға ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін, бас есепші Бақыткүл Конуроваға министрліктің Құрмет грамотасын табыс етті. Бұл күні жемісті еңбектері үшін суретші Хамитбек Айтбаев, хореограф Эльнара Аманжолова, қуыршақ труппасының бутафоры Бейсенкүл Қалекен, қуыршақ труппасының актері Жанболат Каменов, жарық беруші Салтанат Ахметова басқарманың дипломы мен сыйақысына ие болды.

Сондай-ақ, қуыршақ труппасының режиссері Жасұлан Түсіпбеков, театрдың жас артистері Гүлдер Алиева, Ардақ Жарқынбеков, Нұржан Бейісбеков, Мәди Сәденов, Тоқжан Нұртаза, Гауһар Майрамбек «Нұр Отан» партиясы Жезқазған қалалық филиалының Алғыс хатымен марапатталды.

Әріптестерімізді лайықты марапаттарымен құттықтай отырып, алдағы уақытта еңбектеріне табыс тілейміз.

**Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,**
**С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі**

## ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# НАҚТЫ ІСКЕ КӨШЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің болашағы мен халық тұрмысының ілгерілеуі, Тәуелсіздігіміздің тұрақтылығы жайында бірқатар маңызды мәселелер қаузалды. Жолдауда көтерілген бастамалар мен тапсырмалар жайында толығырақ тарқатуды мақсат еткен «Жезказганский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпанбаева мен Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің бас редакторы Дархан Мұхан «ZOOM» платформасында қала тұрғындарымен кездесу өткізді.***

– Ел дауына кедергі келтіріп, өркендеуіне тосқауыл жасайтын бірден-бір кесел – сыбайлас жемқорлық. Президентіміз өз Жолдауында: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тәсілдерін енгізген жөн деп санаймын. 2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың шетел банктерінде есепшотқа ие болуы, қолма-қол ақша және бағалы заттар сақтауына қатысты жемқорлықпен күрес аясында жаңа шектеулер енгізу керек. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату шарасы қолданылмайды. Жемқорлықпен ұсталғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салатын қағида қатаң сақталуы керек. Біз сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйе қалыптастыруымыз қажет», – деген болатын. Қазіргі таңда барлық мекемелердің бюджеті ашық. Қай ақша қандай мақсатта жұмсалып жатқанын көріп, бақылап отыруға болады. Бұл – сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құруға жасалған нақты қадамдардың бірі, – деген Дархан Мұхан Жолдауда айтылған адам саудасына тосқауыл жасау, балалар құқығын қорғау, ақпараттық технологиялар нарығын құрып, инжинирингтік технологиялар қызметін дамыту мәселелеріне қатысты өз ойын білдірді.

Сонымен қатар таяу күндері сайлау туралы заңға енгізілген ауыл әкімдерін тікелей сайлау, саяси партиялардың сайлауда мәжіліс құрамына өту шегін 7 пайыздан 5 пайызға дейін төмендету, бюллетеньдерге «Барлығына қарсымын» бағанын қосу сынды өзгерістердің ел азаматтары үшін қандай тиімділіктері барына кеңінен тоқталды.

Одан әрі жастарға, білім саласына жасалып жатқан қомақты қолдаулар мен әйелдердің билікке араласуына қатысты пікірін білдірген Эльвира Алпанбаева жиын қатысушыларының сауалдарына тұщымды жауап берді.

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

***Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы онлайн форматында өтті. Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров пен қалалық мәслихат депутаттары қатысқан отырыстың күн тәртібінде қала шаруашылығы мәселелері қаралды.***

# САПА ТАЛАП ЕТІЛДІ

Қазіргі таңда жасыл желектерді суару, жол мен инженерлік желілерді жөндеу мәселесі өзекті. Бұл бағытқа қалалық, облыстық бюджеттен миллиондаған қаражат бөлінген. Ендігі жерде сол жөндеу жұмыстарының сапалы орындалуы – көкейкесті. Мердігерлерден сапаны, жауапты мекемелерден қадағалауды талап еткен қоғамдық кеңесте Жезқазғанның бас құрылысшысы Мәруа Келмағанбетова мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен бой көтеріп жатқан тұрғын үй мен тартылып жатқан ауыз су желілері туралы баяндама жасады.

Жыл соңына дейін батыс ауданда салынып жатқан жалпы ауданы 12,4 мың шаршы метр болатын көпқабатты 3 тұрғын үй мен Байқоңыров көшесі 28А мекенжайындағы үйді пайдалануға беру жоспарланған. Осылайша, 166 отбасы басыбайлы баспанамен қамтылмақ. Алашахан даңғылы 34И, 34Е мекенжайындағы үйдің 120 пәтері әкімдіктің кезегінде тұрғандарға берілсе, Алашахан 34К мен Байқоңыров 28А үйдің 78 пәтері несиеге рәсімделеді.

– Алашахан даңғылы, 34 К мекенжайындағы 5 қабатты 60 пәтерлі несиелік тұрғын үй құрылысының жалпы сметалық құны – 812,3 млн теңге, пәтерлердің жалпы ауданы – 4484,1 шаршы метр. Бас мердігер – «Самға» ЖШС. 2020 жылы үйдің құрылысына республикалық бюджеттен 501,7 млн теңге бөлінді, биыл құрылыстың аяқталуына облыстан 229 млн теңге қарастырылды. Бүгінде үй құрылысының 60% аяқталған. Алашахан даңғылы, 34Е мекенжайындағы жалдау негізінде берілетін 90 пәтерлі үйдің сметалық құны – 1 248,6 млн теңге. Бас мердігер – «Астана Көктем» ЖШС . 2020 жылы республикадан 175 млн теңге, 2021 жылы құрылысты жалғастыруға республика мен облыстан барлығы 771,9 млн теңге бөлінді, – деген Мәруа Көңілбайқызы өңірлерді дамыту бағдарламасы шеңберінде салынып жатқан ауыз су желілері жобасын таныстырды.

Естеріңізде болса, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жалпы ұзындығы 218,7 км болатын су желісі 1, 2, 3 кезекпен салынып жатыр. Жоба басталғалы сумен жабдықтау желісінің 140,9 км қайта жаңартылды. Бүгінгі таңда Пристационный, Аварийный елді-мекендері және 5-ші ауданның 7 көшесі қаланың орталықтандырылған сумен жабдықтау желісіне қосылған. Биыл қала ішіндегі 4, 5, 6, 61-66-шағын аудандарды, Геология кентін қосу жоспарлануда. 2022 жылы толық аяқталатын жобаға биыл республика мен облыстық бюджеттен 2 млрд 873 млн теңге қаражат бөлінген. Бұл қаржыға 22,3 км су құбыры салынады.

Әбден тозығы жеткен су желісі жаңартылып, тұрғын үй салынғаны жақсы. Дегенмен, оның сапасы да көңіл көншітуі керек деген пікірді ұстанған қоғамдық кеңестің мүшелері құрылыс жұмыстары іркіліспен, кейде талапқа сай жүргізілмей жатқанынан хабардар. Сонымен бірге, құбыр тартып қазылған жерлерді ретке келтіруге асықпайтын мердігерлерге де айтарлары бар. Бақылаудың жоқтығына ашынған қоғам белсенділері суару желілерін тарту, жол жөндеуге қатысты да орынды ескерту жасады. Бюджет қаржысы тістегеннің тісінде, асағанның аузында кетпеуі керек деген талап қойған қоғамдық кеңестің мүшесі Жүрсінбай Лекеров биыл орташа жөндеуден өтуі тиіс Асылбеков, Аманжолов, Анарқұлов, Әуезов, Жанасов, Смаилов, Түсіпбеков, Шевченко көшелерінің бірқатарын былтыр құрылыс бөлімінің тапсырысымен ауыз су құбырларын салған мердігер жөндеуі керектігін алға тартты. «Бір жол учаскесіне екі қайтара ақша бөлінгені қалай?» деген Жүрсінбай Лекеровтің сауалы қосымша қаралатын болды. 2021 жылы жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны жөндеуі тиіс 25 учаскенің кестесі жасалмағанын, қала көшелерін абаттандыру кешіктірілгенін тілге тиек еткен қоғам белсенділері жол жөндеу мен құрылыс жұмысын теникалық бақылау тарапынан қадағалауды күшейтуді ұсынды.

# СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СОҒЫЛДЫ

***11 жыл бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, өмірдің дауылы мен жауынынан қорғап өсірген ұстаздарын, алтын ұя мектебін қиып, ересек өмірдің қақпасын қағу қай шәкіртке де оңай емесі анық. Өз балаларынан артық көрмесе, кем қылмай өсірген оқушыларын мұғалімдер қауымы да қимайтыны рас. Осынау шынайы сезімдер мен оралмас сағынышқа толы салтанатты кеш екінші жыл қатарынан қатаң карантин талаптары аясында өтіп жатыр. Бұрынғыдай ығы-жығы халық, құттықтауға келген жанашыр ағайын-туысты кезіктіре алмайсыз.***

***Мектеп бітірушілердің соңғы қоңырау кешіне тек ата-аналары мен арнайы шақырылған ұстаздар ғана қатыса алады. Сондай-ақ, бала санына сәйкес әрбір бітіруші сынып 20-30 минутқа шақталған соңғы қоңырау салтанатын жеке-жеке ұйымдастырады.***



25 мамыр – толқыныс пен тебіреніске толы айтулы күн. Осы күні мысты шаһардың 540 түлегіне соңғы қоңырау соғылды. Оның 32-сі Алтын белгіге, 24-і үздік аттестатқа үміткер.

Соңғы қоңырау сылдырын қимастықпен қаққан түлектер қатарында №1 жалпы білім беретін мектептің бітірушілері де бар. Салтанатты жиында жаңадан тағайындалған мектеп директоры Асан Жанұл барлық ұстаздар мен оқушыларды және олардың ата-аналарын мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Білім мен тәрбие әрқашан күн тәртібінен түспейтін ең басты өзекті мәселе. Қазіргі заман талабы тек білім алып қана қоймай, оны тәжірибеде қолдана білуді және әрдайым үздіксіз ізденіс үстінде болуды талап етеді. Бүгінгі бала – ертеңгі ел болашағы. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан XXI ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден-бір құдірет – білім, білімді ұрпақ» деп XXI ғасырды ғылым мен білімнің ғасыры атады. Күн сайын білім-ғылым дамып, сағат сайын технологиялық жаңалықтар қолданысқа еніп жатқан кезеңде біз де көштен қалмай, шәкірттерімізді жаңашылдыққа баулуымыз қажет. Осы тұста біздің шәкірттеріміз бағындырар белестер мол екеніне сенемін, – деген ол бітіруші түлектерге сәт сапар тіледі.

Биыл № 1 мектептен 57 оқушы түлеп ұшқалы отыр. Олардың екеуі – Алтын белгіге, біреуі – үздік аттестат иегеріне үміткер. 9-сынып бойынша 116 оқушы орта мектепті тәмамдап жатыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туының әкелінуімен басталған шара рухқа толы Әнұранымызды шырқаумен жалғасты. Одан әрі мектеп түлектері мектеп, ұстаз жайлы ән-жырларын ортаға салды. Шара барысында 2020-2021 оқу жылында білім мен тәрбие үдерісінде оқ бойы алға озып шыққан ұстаздар мен оқушылар арнайы статуэткамен марапатталды.

Соңғы қоңырау салтанатын жоғары деңгейде ұйымдастыра білген Қабден Шыңғысов атындағы №5 мектептің бітіруші түлектері де мереке көркіне көрік қоса білді. Оқушыларға ұстаздық, аналық ақжарма ниетін білдіріп, батасын берген мектеп директоры Бекзат Құланбаева да оларға ҰБТ-дан сүрінбей өтіп, өздері армандаған мамандықтың иесі атануларына тілектестік білдірді.

***Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекеттік маңызы бар мәселелердің бірі. Қоғамның қай саласында болмасын өршіп тұрған осынау дерттің алдын алу, бармақ басты, көз қыстылықтың орға жықтырмай қоймайтыны туралы тереңірек түсіндірме жүргізуді мақсат тұтқан Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттары Ермек Әбілдин мен Марина Шиллер және арнайы мониторинг тобының мүшесі Рүстем Тұңғатов қаламыздағы денсаулық сақтау мекемелерінің басшыларымен кездесті.***

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

– Халық арасында парақорлық билік басындағылардың әсерінен орын алады деген жаңсақ түсінік бар. Дегенмен, мен бұған келіспес едім. Себебі, басшыға қарамағындағы қызметкері пара ұсынбаса, сыбайлас жемқорлық орын алмас еді. Оқу орнында болсын, қызметте болсын өз ісіңізді нақты біліп, жауапкершілікпен істей білсеңіз сіздің басыңызда сыбайлас жемқорлық орын алмайды. Сіз пара ұсынбасаңыз, басшы да алмайды. Біз барлығымыз парақорлық атты дерттен өзімізді, отбасымызды қорғауымыз қажет. «Тәрбие – тал бесіктен» дейміз. Ендеше балабақшадан, мектеп қабырғасынан баланың құлағына парақорлық әрекет емесін, оның қылмыс екенін құя беретін болсақ, елімізде сыбайлас жемқорлық тамырымен құритын болады. Жемқорлықсыз көш бастап отырған елдердің барлығы осы сатыдан өткен, – деген Ерлан Әбілдин еліміздің жарқын болашағы баршамыздың жауапкершілігімізде екенін ұмытпауға шақырды.

Жиын барысында қаламызда вакцина алған тұрғындардың саны артып келе жатқанын айтқан ақ халаттылар екпе салдырғанын растайтын куәлігі бар тұрғындардың ақылы түрде ПТР-тестін тапсыруы бас санитарлық дәрігердің қаулысына қарсы екеніне наразылықтарын білдірді. Сондай-ақ кездесуде өзге өңірлерде орын алып жатқан індетке қарсы күрескен дәрігерлерге төленетін үстемақының дұрыс бөлінбеуі, жалған екпе куәлігін жасап сату сынды құқық бұзушылықтардың себебі мен салдары жайлы толығырақ түсіндірілді.

***Аспан көгінде еркін қалықтай ұшып, биікті бағындыру кім-кімнің болса да арманы. Қайтпас қажыр-қайратының арқасында осы арманын ақиқатқа айналдырған жандардың бірі – Ардана БОТАЙ.***

# АСПАНДАҒЫ АРДАНА



Ол – биылғы «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы. Қарағандының авиациялық базасындағы аға лейтенант Ардана Ботайдың жұмысына кез келген адам қызыға қарайтыны рас. Авиациялық эскадрильяның аға ұшқыш-жойғыш лауазымында ерлермен тең дәрежеде жұмыс істеп жүрген жалғыз нәзікжанды Ардана елінің қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек етуден, тынымсыз ізденуден жалыққан емес.

Алғаш МиГ-29 ұшағының суретін көріп, әскери ұшқыш болсам ғой деген ойға кеткен ол мектепті бітіре сала Ақтөбедегі Т. Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институтында оқуға құжаттарын тапсырған. Дегенмен, институттан құптарлық жауап алмаған Ардана Алматыдағы Азаматтық авиация академиясына құжат тапсырады. Осылайша әуе кемелері мен қозғалтқыштарды ұшуда пайдалану мамандығын меңгеріп шыққан ару бұнысымен тоқтап қалмай, қалай да әскери салада қызметін жалғастыруға бел буады. Ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласындағы мемлекеттік авиация орталығында ұшудың қыр-сырына қанығып, TL-2000, Tecnam P-2002, Diamond DA42 екі қозғалтқышты аса жеңіл ұшақтарын жүргізуді үйреніп шыққан.

Қазіргі уақытта Ардана Ботай «Су-30СМ» жаңа буындағы жойғыштарында ұшады. Оның жұмысына ешқандай ауа райы кедергі келтірген емес. Әуеде жау ұшақтарын құлатып қана қоймай, жердегі нысандарды да дәл көздеп жоя алатын ол бұл жұмысын ешқашан қиын көрген емес. Керісінше, жаңа әдіс-тәсілдерді үйренуге, білім-білігін жетілдіруге құштар. Еліміздегі жалғыз ұшқыш-жойғыш арудың бағындырар биіктері әлі де алда.

## БРИФИНГ

# ҚҰТҚАРУШЫЛАР САҚТЫҚҚА ШАҚЫРДЫ

***Күн ысыған сайын су жағасын жағалайтындардың да саны артатыны белгілі. Біздің қаламыздағы негізгі суға түсу аймағы – Кеңгір су қоймасы. Қазіргідей күн райы 30 градустан төмен түспей тұрған уақытта Кеңгір суына түсіп, жағалауында демалыс ұйымдастыратын тұрғындар да көбейе түседі. Дегенмен, қауіпсіздік сақталмай суға түсудің соңы өлім жағдайына душар ететінін естен шығармау қажет.***




Қала бойынша 2019 жылы 4 адамның, 2020 жылы 6 адамның ажалы судан болған. Былтыр суға түсіп қайтыс болғандардың 4-уі мас күйінде суға түскен және рұқсат етілмеген аймаққа шомылған. Сондай-ақ, екі бала суға түсіп қайтыс болды. Биылғы суға шомылу маусымында қайғылы жағдайлардың алдын-алу және болдырмау мақсатында қалалық төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасарлары, подполковник Сұлтан Ахметов пен азаматтық қорғау майоры Дидар Құйқабаев брифинг өткізді.

Осы жылы қалалық бюджеттен суға шомылу маусымында төтенше жағдайлардың алдын алу үшін 560 мың теңге бөлінген. Карантинге байланысты Кеңгір жағалауында «Кенші» демалыс аймағынан бөлек орындар жұмыс істемейді. Судан құтқару шаралары үшін 7 металл қайық пен 3 үрлемелі қайық жұмылдырылған.

Брифинг барысында жаз маусымында аса сақтықты қажет ететін тақырып – дала өрті жайы да қозғалды.

– Былтыр 147 га көлемде дала өрті орын алды. Биыл Кеңгір елді-мекені маңындағы 10 га жерді өрт шарпыды. Біздің өңірде өзге аймақтардағыдай орман көп болмағандықтан дала өрті аса көп орын ала бермейді. Есесіне жеке саяжайлардағы өрт саны азаймай тұр. Былтыр 21 саяжайды өрт шалса, биыл 9 саяжайда өрт оқиғасы тіркеліп үлгерді. Газ баллоны жарылуы нәтижесінде екі адам ауыр жарақат алды. Қаламыздағы 1230 саяжайға иелік ететін 3300-дей тұрғын бар. Олардың көбі электр құрылғыларын дұрыс пайдаланбайды немесе мас күйінде өртке себепші болады. Көбіне өрт темекі тұқылын сөндірмей кеткеннен, электр құрылғылары салдарынан орын алады. Қазіргі таңда әкімдік қызметкерлері, полиция басқармасы мен төтенше жағдайлар басқармасының өкілдерінен құралған мобильді топ жұмыс істейді. Олар өрт жағдайы болуы мүмкін жағдайларды тексереді. Бүгінге дейін өрт қаупі бар 8 саяжай иесіне түсіндірме жүргізіліп, әкімшілік хаттама толтырылды, – деген Дидар Құйқабаев әрбір саяжай иесі кем дегенде 200 литрге дейінгі су қорын сақтауы қажетін еске салды.

Төтенше жағдайлар басқармасына көмек ретінде 5 ерікті құрам жасақталған. Оның құрамында 30 адам мен 4 техника бар. Ерікті құрам Кеңгір су қоймасы мен ауылдық елді-мекендердегі төтенше жағдайларды, табиғаттың тылсым апаттарына қарсы тұрғындарға жәрдемдесетін болады. 30 құтқарушы халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы еңбекке тартылып отыр.

Соңғы кездері балалардың терезеден құлап кету жағдайлары да жиілеген. Облыс бойынша 1 мен 8 жас аралығында 7 бала терезеден құлап кеткен. Олардың алтауы дер кезінде ауруханаға жеткізіліп, жеңіл жарақат алуына байланысты аман қалған. Ал 21 мамыр күні Шахтинск қаласындағы екінші қабат терезесінен құлап түскен бала әлі ес-түссіз жатыр. Осындай оқыс жағдайдың орын алмауы үшін терезеге темір торлар орнатуды, балкон есіктерін ашық қалдырмау қажетін айтқан төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері ата-аналарға балаларын қараусыз қалдырмауды тапсырды.

**Бет материалдарын дайындаған: Диана ОРАЗАЛИНА, Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЕЛБАСЫНЫҢ БАСТАМАСЫ

### миллиондаған қазақты тарихи Отанымен қауыштырды

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Туған жердің түтіні де ыстық» дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы атақонысына тарту мақсатында адам құқығы туралы еларалық ережелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Үкіметі «Басқа республикалардан және шетелдерден ауылдық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» арнайы қаулы қабылдады. Сондықтан атамекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Ата-баба аруағы алдарыңыздан жарылқасын!».

1992 жылдың қыркүйегінде Алматы қаласында Елбасының тікелей тапсырмасымен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы шақырылды. Құрылтайдың нәтижесінде «көші-қон» атты жаңа өрлеу жобасы пайда болды. Осылайша, алғашқы көш Моңғолиядан келді. 1991-1993 жылдар аралығында Қазақстанға 10461 үй қоныс аударып үлгерді. Одан кейін алыс-жұық елдердегі ағайындар мен Қытайдағы қазақтар да келе бастады. Тарихи Отанды аңсап жеткендердің ішінде өзім де бармын.

Мен Қытай халық республикасының Шыңжаң өлкесінің Іле аймағына қарасты Күнес ауданы Қарабура қалашығының Жылқы фермасында тудым. Біздің ауылдан қазақ жеріне қоныс аударғандар баршылық. Олардың қатарында 2010 жылы көшкен нағашыларым да бар. Олар бүгінгі таңда Алматы облысына қоныстанып, қазір бай-қуатты өмір сүруде. Мен аудандағы таныс қыздарға ілесіп, 2015 жылы Атырауға келдім. Х.Досмұхамет атындағы университетте сегіз ай бойы дайындық курсынан өттім. Қазақ тілі мен тарихын, математика мен физика пәндерін меңгердім. Одан кейін Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің тау-кен ісі және металлургия кафедрасын бітіріп, геолог атандым. Еңбекке араласып, өз отбасымды құрдым. Жолдасым Асан – Ташкенттің қазағы.

Ата қонысымда білім алып, өсіп-өркендеуіме, бақытты өмір сүруіме барлық жағдай жасаған, Әлемнің әр түкпіріне тарыдай шашылған талай қазақтың сағынышын басқан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлына айтар алғысым шексіз. Ол ұлы көшке мұрындық болмағанда біз бүгінгідей жарқын өмірдің куәгері болуымыз екі талай еді.

Қазір өзінде әлемнің 43 мемлекетінде 5 миллионнан астам қазақ тұрады екен. Көпшілігі Қазақстанмен шекаралас елдерде. Мысалы, Қытайда 1,5 млн-нан астам қазақ өмір сүрсе, Өзбекстанда 900 мың. Ресейде 800 мың қаракөз ғұмыр кешіп отыр. Түркменстан, Моңғолия мен Қырғызстанда олардың саны аз емес. Оларды елге қайтару ісі әлі де өз жалғасын табатынына сенемін. Өйткені, Елбасының қай бастамасы болмасын – өміршең.



**Нұрия НҮСІПХАН**

МЕРЕЙ

# ӨМІРІ ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ

### Сұлтан СҮТБАЙҰЛЫ – 85 жаста

*М.Әуезов атындағы кітапхана филиалы жанынан ашылған «Парасат жолы» орталығында ҚР Құрметті геологі, Еңбек ардагері, «КСРО Жер қойнауының барлау үздігі», «Құрметті жер қойнауының барлаушысы», гидрогеолог Сұлтан Сүтбайұлымен «Жақсы адам ел – жұртының панасындай» атты кездесу өтті.*




Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің геология бөлімі студенттері қатысқан тағлымы мол шараның қонақтары ретінде «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы, техника ғылымдарының кандидаты, «Қазақтың Кетбұқасы» ҚБ төрағасы Төлеген Бүкіров, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Станислав Филипович, ҚР мәдениет Салтанат Нұрлыбаева, жастар ресурстық орталығының кадр мәселесі жөніндегі маманы Ізтөлеу Түсіпов, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Түгелбаева шақырылды. Олар Сұлтан Сүтбайұлының өмірі мен еңбек жолынан сыр шертіп, құттықтау лебіздерін білдірді. Одан әрі сұхбатқа жалғасқан шарада Қазақстанның геология саласының бүгіні мен ертеңі хақында әңгіме өрбіді.

Сұлтан Сүтбайұлы тек геолог қана емес, ол – ойлы мақалалардың авторы. Көбінесе жер қойнауы мен геология саласында қалам тербеген біздің кейіпкердің «Жер сыры мен жан сыры» кітабына енген өлеңдерін «Жас толқын» поэзия клубы мүшелері нақышына келтіріп оқыса, музыкалық колледждің студенттері күмбірлі күйімен қонақтар назарына ілікті. Ал Ізтілеу Бекенұлы Сұлтан ағасына ән-шашуын арнады.

Болашақ жастарға бұқара халық пен шығармашыл зиялы қауым өкілдерімен бірлесіп, қоғамдағы парасаттылық идеологиясын ілгерілету, парасатты тәрбие беру, мәдениеттілік қалыптастыру, еңбек ардагерінің еңбек жолын жастарға үлгі ету мақсатында «Жер қойнауының үздік барлаушысы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ұлан байтақ даламыздың қойнауына жасырған тұщы су көздерін зерттеуге, анықтауға үлес қосқан, ел игілігі жолында аянбай тер төккен гидрогеолог Сұлтан Сүтбайұлын 85 жасымен құттықтап, ақ жарма ақ тілегін ақтарған кітапхана қызметкерлері мерейтой иесіне құрмет көрсетіп, Алғыс хат тапсырды.

**Анар МАХМҰТОВА,**
**М.Әуезов атындағы кітапхана филиалының меңгерушісі**

КӨКЕЙКЕСТІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

# КЕДЕЙЛІКТІ ҚАЛАЙ АУЫЗДЫҚТАЙМЫЗ?



### «БАЛЫҚ БЕРМЕ, ҚАРМАҚ БЕР»

Халықтың кедейлігі ұлттық қауіпсіздікке кері әсер ететін факторға жатады. Ендеше елдегі кедейліктің деңгейін төмендету үшін тұрақты экономикалық өсуді жолға қоюымыз қажет. Ел экономикасының дамуына кедергі келтіріп отырған қоғамдағы дерттің бірі – сыбайлас жемқорлық екені жиі айтылуда. «Жемқорлық жаппай жайламаса еліміз бұдан да әрмен гүлденер еді», – дейді жұртшылықтың пікіріне құлақ түрсеңіз. Ол да қисынды. Сонымен қатар, Үкіметтің халықты жұмыспен қамту, шарықтап тұрған инфляцияны ауыздықтау, төменгі жалақы мөлшерін көтеру сияқты әлеуметтік-экономикалық бағдарламалардағы іске асыруына да қарайлап жүрген қараша халықтың жағдайы тікелей байланысты. Жалпы орайын тапқан жанға бұл бағытта да мемлекет тарапынан жасалып отырған біршама қолдаулар бар. Үкіметтің әсіресе, жастарды еңбекке тартудағы жақсы бағдарламалары аз емес.

«Балаңа балық берме, қармақ бер» деген бір тәмсіл бар емес пе. Сол айтқандайын, әл-ауқаты төмен азаматтарды шағын несиемен қамтамасыз ете отырып өз кәсібін ашып, бизнес-сауатын игеруіне жол ашудың маңызы зор. Бұл тұрғыда «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» бойынша Жезқазғанда жүзеге асырылған істерді алға тартуға болады. Қаладағы халықты жұмыспен қамту орталығына өткен жылы жастардан 1593 өтініш түссе, биылғы жылдың өткен мерзімінде 526 өтініш түскен екен. Мәселен, бағдарламаның бірінші бағыты – «Бағдарламаға қатысушыларды техникалық-кәсіптік біліммен және қысқа мерзімдік кәсіптік оқумен қамтамасыз ету» бойынша 2020 жылы 23 адамға жолдама берілсе, олардың 22-сі курсты ойдағыдай аяқтапты. Қысқа мерзімді оқыту курсына биыл 3 адам жіберіліп отыр.

Бағдарламаның екінші бағыты – «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бойынша өткен жылы 77 адам грант ұтып алды. Биыл «Бастау бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерінің оқуына жіберілген 20 адамның 7-і грант ұтысына ие болды. Үшінші бағыты – «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бағдарламасы бойынша өтініш берушілердің 289-ы тұрақты жұмысқа орналастырылып, 27 адам әлеуметтік жұмыс орнына, 19 адам жастар практикасына, 111 адам қоғамдық жұмысқа тартылған. Ал, өткен жылы 1162 адам тұрақты жұмысқа орналастырылып, әлеуметтік жұмыс орнына – 71, жастар практикасына – 155, қоғамдық жұмыстарға 410 адам тартылған еді. Сонымен қатар, алғаш рет жұмыс іздеп жүрген түлектер мен жұмыс іздеген жастар 29 жастан аспаған жағдайда «Алғашқы жұмыс орны» жобасы бойынша жұмысқа орналастырылады. Бұл ретте жұмыспен қамту орталығы олардың бірінші жылындағы жұмысы үшін еңбекақы төлеуді субсидиялайды. Субсидия мөлшері айына жиырма айлық есептік көрсеткішті яғни бүгінде 58340 теңгені құрайды. Бұл жаңа жоба бойынша колледждер мен жоғары оқу орнының түлектерін, көп балалы және аз қамтылған отбасының балаларын және еңбекке қабілеті бар мүгедектерді жұмысқа орналастыруға басымдылық беріледі.

Иә, еңбек етем деген жастарға жол ашық, мүмкіншіліктер де көп. Мемлекеттің бағдарламалары бойынша кәсіп ашуға гранттармен қатар қайтарымсыз несиелер де қарастырылған. «Атамекен» белгілі бір кәсіпті меңгеруге оқытады.

– Алайда, жастардың көбісінің грант алуға да, қосымша мамандық меңгеруге де талпынысы өте төмен. Жұмыс берушілер тарапынан да жұмысқа шақыру аз емес. Instagramm, facebook әлеуметтік желілеріндегі хабарландыруларды қарасаңыздар көруге болады, жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа шақырушылардың қаншама екенін. Біз көбінесе кәсіби мамандықтар бойынша оқыту үшін тиісті адамдардың санын толтыра алмай жатамыз. Көгалдандыру, көше тазалығы сияқты қоғамдық жұмыстарға да белсенін тұрған жастар табылмайды. Көп адам одан да мекемелерге хат-хабар таситын курьерлікті тәуір көреді, – дейді жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйла Батырқызы.

### МАСЫЛДЫҚ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАН БАСТАЛАДЫ

Неге дейтін болсақ, бүгінгі жастардың көбі офисте отыруды көксейді. «Аурудың үстімен, жеңілдің астымен» жүргенді жөн көретіндердің де қатары аз емес сынайлы. Еңбек тәжірибесінің жоқтығына қарамастан көбісі бірден жоғары жалақы тапқысы келеді, төмен айлыққа баргысы келмейді. Осыдан барып ата-анаға масыл болып, әр нәрсенің басын бір шалып, босқа жүретін жастар көп. Жастардың жұмыссыздығын анықтап, оны азайту үшін NEET санаты қолданысқа енгізіліп, оқымайтын және жұмыс іздеп өз орнын табуға талпынбайтындарды ягни дүбәра күй кешетін маргиналдыққа бейім жастарды анықтау міндеті алға қойылған еді. Соған орай, Үкімет «18-29 жас аралығындағы NEET жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтендіру бойынша жол картасын бекіту туралы» қаулы қабылдаған болатын. Бірақ, осы шара іс жүзінде түпкі мақсатына жеткізілмей келеді. Бұл мәселе – жастар саясатының да негізгі бағыттарының бірі болуға тиіс. Дүбәра жастарды қоғамдық өмірдің ортасына бейімдеп, қатарға қосу да оңай емес. Осы тұрғыда жастар саясаты орталығының да белсенді іс-қимыл танытуына тура келеді.

Жоғарыда Төле бидің даналық сөзінде айтылғандай, кедейлік – жалқаулықтан, еңбекке ұмтылмаудан туады. Олай болса, бүгінгі бетадды сенделген, жалқау жас ертеңгі қоғамның масылына айналып, кедейліктің кебін кимесіне кім кепіл? Жалпы жастардың өмірден өз орнын таппай, әр нәрсенің басын бір шалып жүруінің басты себебі әуелде мамандықты дұрыс таңдамауынан болып отыр. Әйтеуір оқу керек деген ниетпен оқуға барады да бітірген соң мамандығы көңілінен шықпай жатады. Немесе қоғамда ол мамандыққа сұраныс аз болып шығады. Осы мамандығы жазуға дайындық барысында белгілі бір орынға тұрақтай алмай, екі ойлы болып жүрген бірен-саран жастармен де пікірлескен едік. Шаштараз, тігінші мамандықтары бойынша оқыған жастар «тұрған жұмысымыздағы еңбекақымыз 30 мыңнан аспаған соң одан шығып кеттік» дейді. Әрине, бұл салаларда істеген еңбегінің, дайындаған өнімінің көлеміне сай еңбекақы төленітіні белгілі. Мәселен, табысы жоғары болу үшін тіккен бұйымы көп, әрі сапалы болуы керек. Әуелде тігінші болуға бел байлағанда осыны жан-жақты ойлап, қалаған мамандығына құштарлықпен барған адам ғана жақсы нәтижеге жетеді. Жастар осы жағын көп ескере бермейді. Құрылысты ауырсынып, өндірісті қиынсынып біраз жас түлектің екі қолын қайда сыйғызарын білмей босқа жүргенін де көрдік. Кезінде Үкіметке көз сүзіп, әлеуметтік көмек, жәрдемақы алумен күн кешкен отбасыларының да осы жағдайға әсері тигенін жоққа шығаруға болмас. Сондықтан баланы жастай еңбекке баулудың да маңызы зор.

Қалай десек те, кедейлік – қазіргі таңдағы қоғамның үлкен проблемаларының бірі. Парламент мінберінен депутаттардың назар аударып, тиісті мәселе көтерүі де осының айғағы. Бұған Үкімет тарапынан жанжақты көңіл бөлінетін шығар деп үміттенеміз. Бүгінгі күнде көмілге медеу тұтып отырған атаулы әлеуметтік көмек төлеу экономикалық дағдарыс дендеп тұрған кезеңде күнкөрісі тығырыққа тірелген жандарды аса алысқа апармайды. Ол үшін мемлекеттің кедейлікті ауыздықтаудың нақты іс-шараларын белгілей отырып, халықтың өмір сүру деңгейін көтеруде тиімділігі жоғары кешенді бағдарламаларын қолға алуы керек.

**Амандық РАХҰЛЫ**

*Биыл еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толады. Бұл – біздің ата-бабаларымыз армандаған азаттықтың тұғыры ныған түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл бұл тез өтіп кететін уақыт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындықтар мен қуаныштардың, дағдарыстар мен көтерілістердің дәуірі болуы мүмкін. ІІІ мыңжылдықтың ұлттық мүдделері мен сын-қатерлеріне сәйкес келетін қазіргі заманғы типтегі Қазақстан мемлекеттілігі 1990-2000 жылдар аралығында қалыптасты.*

# УАҚЫТПЕН ҮНДЕС ҮРДІСТЕР

Қазақстан дамудың жаңа жолына түсті. Қазіргі таңда халқымыз өз мәдениетін, тілін, діні мен дәстүрін әрі қарай дамытуға мүмкіндік алды. Біз тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасқан жас мемлекет болып саналғанымызбен, тарихы тереңде жатқаны мәлім. Осы өткен 30 жылда Қазақстан осындай ең елеулі жетістіктерге жетті:

1. 1991 жылы Қазақстан егеменді ел болды. Еліміздің Тәуелсіздігін ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан АҚШ, екінші Қытай, содан соң Ұлыбритания мойындады.

2. 1991 жылдың 2 қазанында қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ғарышқа сапар шекті. Тәуелсіз Қазақстанның тарихы қазақ баласының ғарышқа ұшуымен тікелей байланысты.

3. 1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан БҰҰ-ның мүшесі атанды. Азаттық алған алаш жұрты алты құрлыққа аты мәшһүр болмаса да, сыртқы саясатта көпвекторлы бағыт ұстанатынын алғашқы күннен бастап танытты. Сол арқылы алыс-жақын шетелдермен саяси-ынтымақтастықта, тату көршілік бауырластықта араласатынын аңғартты. Бұл қадамда Қазақ елінің БҰҰ-ға мүшелігі айрықша маңызды еді.

4. 1992 жылдың 4 маусымында Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «ҚР мемлекеттік туы», «ҚР мемлекеттік елтаңбасы», «ҚР мемлекеттік әнұраны туралы» заңға қол қойды.

5. 1994 жылдың 16 ақпанында Елбасы Ядролық қаруды тарапттау туралы шартқа қол қойды. Сөйтіп Қазақстан өз еркімен қуатты қарудан бас тартып, ядролық қаруы жоқ ел ретінде осынау зұлматпен күрестің алғашқы баспалдағын қалады.

6. 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум негізінде Ата Заңы қабылданып, 5 қыркүйек күні өз күшіне енді.

7. 2003 жылы Нұр-Сұлтанда Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші құрылтайы өтті. Тарих жүзінде бұған дейін дәстүрлі үш бағыттағы дін басшыларының бір жерде бас қоспағанын ескерсек, бұл Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі саналары анық.

8. 2006 жылдың қаңтарында мемлекетіміздің жаңа Әнұраны қабылданды. Әнұран негізіне Ж.Нәжімеденовтің сөзіне жазылған композитор Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні алынды.

9. 2009 жылы Қазақстанда жалпыұлттық халық санағы өтті. Ел тәуелсіздік алғалы бері екінші рет өткізіліп отырған ұлттық халық Қазақстан тұрғындарының саны 16 миллион 4800 адам болғандығын көрсетті.

10. 2010 жылы Қазақстан Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ете бастады. Осы жылдың желтоқсан айында Қазақстанда саммит өткізілді.

11. 2013 жыл Тұңғыш Президент жариялаған «2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдау бойынша жұмыстардың қолға алынуымен ерекшеленеді.

12. 2014 жылдың тамыз айында үкіметте қайта құру жұмыстары өтті: 17 министрлік пен 9 агенттіктің орнына елде 12 министрлік және шамамен 30 комитет құрылды. Қаржы полициясының қызметі мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес істері жөніндегі агенттікке берілді. Бұдан өзге энергетика, мәдениет және спорт, инвестициялар және даму, ұлттық экономика министрліктері құрылды.

13. 2015 жылдың 27 шілдесінде Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі атанды.

14. 2017 жылы Қазақстанда EXPO-2017 көрмесі ұйымдастырылды. Аталған көрмені өткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты.

15. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етті.

16. 2019 жылдың 19 наурызында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтатты. 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 пайыздан астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды.

Осы 30 жылдың ішінде әділет органдары да талай өзгерістерге ұшырап, көптеген жетістіктерге жетті. «Әділет органдары туралы» Заңға сәйкес әділет органдарының міндеттері жалпы мемлекеттік даму стратегиясын әзірлеу мен іске асыруға қатысу, заң жобалау жұмысын жүргізу, заңнаманы талдау, жетілдіру, жүйелеу арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңнаманы қалыптастыруға қатысу болып табылады. Қазақстанда орта есеппен жылына 61 заң жобасы әзірленуде. Соңғы жылдар ішінде заң жобалау жұмыстарының барлық ағымдағы жоспарларының 100%-ға орындалуы маңызды факт болып табылады. Министрлік оның айрықша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша әзірленген заң жобаларынан басқа, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмасы бойынша Кәсіпкерлік кодексінің, «Төрелік туралы», «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту және төрелік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап енгізілетін жаңа «Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» заң жобаларын әзірледі. Атап айтқанда, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі әкімшілік рәсімдерді жүргізудегі жаңашыл шешім. Осындай кодекстің қабылданғаны мемлекеттің халқымыздың үніне құлақ асатыны бір дәлелі. Жалпы, әділет органдары Қазақстанымыздың ілгері дамуына, заңнаманы одан әрі жетілдіруге және қоғамның жоғары құқықтық мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға белсенді түрде атсалысып келеді.

Дегенмен, 30 жыл ішінде ел өзгерді, халықтың тұрмысы жақсарды. Ел тағдыры сынға түскен шақта ел болып бірігіп, бүкіл әлемді алаңдатқан пандемияны жеңіп шығу өз қолымызда. Бүгінде халқымыздың тыныш, бейбіт өмір сүріп отырғаны қуантады. Сондықтан да біз достық пен бейбітшілікті қадірлеуді үйренуіміз керек.

**Бағдат НАУМАҒАМБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы аудандық әділет басқармасының басшысы**

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН және АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# СТЕПЛАГ ЛАГЕРІНІҢ БӨЛІМДЕРІ

*Соңы. Басы 1-бетте).*

2-ші бөлімше Спасскіде, лагерь басқармасынан 700 км жерде, Қарағанды темір жол станциясынан 45 км қашықтықта орналасты. Бұл бөлімше аса қауіпті қылмыскерлер арасындағы мүгедектер контингентінен құрылған, құрамында ауылшарушылық саласымен айналысатын (егін және мал шаруашылықтары).

3-ші бөлімше лагерь басқармасынан 25 км жердегі Жезқазған – Кеңгірде орналасқан, Қарағанды теміржолының Жезқазған станциясынан 2 км қашықтықта болды. Бөлімше кәсіпорындар мен тұрғын үй құрылысымен айналысатын ауыр индустрия құрылыс кәсіпорындары Министрлігінің «Қазақмысқұрлысына» қызмет көрсетті.

4-ші бөлімше лагерь басқармасынан 4 шақырым жерде, Қарағанды теміржолының Ново-Рудная станциясынан 1 шақырым жерде орналасты, «Қазмысқұрлыс» пен Жезқазған мыс комбинатының ағаш өңдеу зауытына қызмет көрсетті.

5-ші бөлімше лагерь басқармасынан 45 шақырымдағы Жездіде, Жезді темір жол станциясынан 8 шақырым жерде орналасты. Металлургия өнеркәсібі министрлігінің Жезді марганец кенін өндіру басқармасына қызмет көрсетті.

6-ші бөлімше лагерь басқармасынан 34 шақырым, Қарағанды теміржолының Жезқазған теміржол станциясынан 8 шақырым жерде орналасты, көкөніс және мал шаруашылықтарымен айналысты, лагерьдің жеке ауылшаруашылық бөлімі болды.

7-ші бөлімше лагерь басқармасынан 120 шақырымдағы Байқоңырда, Жезқазған комбинатына қарасты тар табанды теміржол – Байқоңыр темір жол станциясынан 1 шақырым жерде орналасты. Жезқазған комбинатының қажеттілігі үшін сол комбинатта қоңыр көмір өндірді.

8-ші лагерь бөлімше лагерь басқармасынан 800 шақырымдағы Балқашта, Қарағанды темір жолының Бертіс темір жол станциясынан 8 шақырым қашықтықта орналасты. Ауыр индустрия құрылыс кәсіпорындары министрлігіне қарасты «Балқашқұрылыста» өндіріс кәсіпорындары және тұрғын үй құрылысымен айналысты, Балқаш мыс қорыту зауытында молибден кенін өндірді.



9-ші бөлімше лагерь басқармасынан 2500 шақырымдағы Павлодар облысының Екібастұз жерінде, Екібастұз темір жол станциясынан 3 шақырым жерде орналасқан. Ауыр индустрия құрылыс кәсіпорындары министрлігіне қарасты «Басқарағандытұрғынүйқұрылысында» жаңа көмір шахтасы және тұрғын үй құрылысымен айналысты.



1954 жылы Степлаг легерінің құрамында 6 лагерьлік бөлімше болды. 1955 жылдың басында Степлаг лагерінің құрамында 5 лагбөлімше болған; №1, №2, № 3, №5, №6. №4 лагбөлімше 1954 жылдың үшінші кварталында таратылды. (Т.К. Алланиязов, Н.Т. Жұмаділова, Ж.М. Баймұрынов. «КСРО ІІМ Степной лагері тарихының очерктері» Қарағанды 2011. «Болашақ университеті» 23-25 Б)

Лагерь жүйесіндегі тұтқындар еңбегін пайдалану тақырыбындағы тарихи зерттеулер, қазіргі кездегі өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Архив құжаттарындағы әлі де зерттеуді қажет ететін ақтаңдақтар жеткілікті.

Бірнеше жылдан бері Степлагтың 3-ші бөлімшесінің орындары жойылу қаупі үстінде тұрды. Лагерьдің асханасының орынының қабырғалары қираған, шаруашылық барактары бұзылған, сонымен қатар кейбір адамдар бұл жерді қоқыс тастайтын орынға айналдырған. Кейінгі жылдары асханасының ішкі жағындағы сылақтары түсіп лагерь тұтқындарының салған суретінің орны біліне бастаған, суретте пойыз, темір жол бейнеленген. Степлаг мұраларын мемориализациялау жобасы негізінде Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің бастамасымен былтырғы жылы Мос霍кавадан арнайы келген ғалымдар суреттің көшірмесін жасаған болатын. Сонымен қатар «Қарағанды облысының тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КМҚК, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы, Жезқазған тарихи-археологиялық музейі, «Жезді кентіндегі Мәкен Төрегелдин атындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі» қызметкерлерімен бірлесе отырып, Степлаг лагерінің орнында музеефикация жобасын жасау жұмыстары жүргізілген болатын. Бұл тарихи орынды сақтап қалуға журналистер, жергілікті өлкетанушылар белсенділігі арқасында жүзеге аса бастады. Бүгінгі күні бұл жерде ескерткішті қалпына келтіру жұмыстар басталып кетті. Болашақта лагерь орны саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ашық аспан астындағы музей болады. Ескерткіштің қорғау шекарасы бекітіліп, мемлекет қорғауына алынады.

**Айдар ИСКАКОВ,**
**«Ұлытау» тарихи-мәдени қорық- музейі және М. Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен балқыту ісі тарихы музейі ғылыми қызметкері**

# ТАРИХ – ҮРДІС, УАҚЫТ – ТӨРЕШІ

***XX ғасырдың қай үрдісін алсаң да, қазақ тарихында ақтаңдақ таңба айқындалары шындық. Қазақ көрген қорлығының, тартқан азабының, қырылған адамының өтеміне, жеткен жеңіс те, тапқан табыс өлшем бола алмайды. Нәтижесінде технократтық даму жеңді, табиғаттың өзіндей табиғи өмір жеңілді. Табиғи төл болмысынан мүлде бөлек бітімдегі даму басталды. Ұлт тағдырындағы мұндай түбірлі өзгеріс табиғи даму жолмен емес, жедел түрде, зорлықпен жүзеге асырылды.***

***Тарих қойнауында күйген томардай беріштеніп ғасырды артқа аластаған оқиғалардың бұл күндері көз көрген куәгері түгілі, естіген әңгімелері қалмай, құлақсыз керең, тілсіз мылқау күн кешіп жүргеніміз ақиқат. Іші-түтін, сырты-бүтін ата-аналарымыздың тілім-тілім қан жоса ішкі әлеміндегі шыбын жаны тартқан азабын бөгдеге білдірмей, шер-шемен әлемдерін өздерімен бірге о дүниеге ала кеткен сары алтындай сабырлы пенделер.***



«Әкең өлгенмен, көзін көрген өлмесін» деген қанатты сөздің жаны барына, біздер Әңкішұлы Сайлаубай мен Әбілұлы Мұханбетжан сан рет көз жеткіздік, куәсі болдық. Елдегі көнекөз дегдар абыздарға сәлем берсек, қашып кетпесін дегені ме, табақтай алақанында қолыңды қыса түсіп: – Әй кімнің баласысың дегеніне, Әбілдің кейде Әңкіштің десем, кенеттен екі иығы алпамсадай селкілдеп, өз өзінен рахаттана күліп, есін жиған бетте, «әлгі итжеккенге барған Әңкеңнің баласымын де» деуші еді. Әңкіш Тілеубаев әкем – Әбілдің туған ағасы, мені туысымен бауырына салған көрінеді, мен сол кісінің шапанының шалғайында өстім. Тәттінің тапшы әрі таңсық кезі, атамның қалтасынан кір-кір науат қант пен кәмпит үзілмейтін. Мәмпәси деген түрлі-түсті кәмпиттің әрқайсының дәмі де әр түрлі болушы еді. Бесеубет бере бермейтін. Есіктен әкем бой салған бетте, «кәне балам, ана Әбілді боқтап жіберші» деп беретін. Атам, «Өзіме тарт» деп, аузыма түкіруші еді. Атамның мен түсінбейтін басқа тілде сөздері болатын. Әңкеңнен әңгіме тыңдаймыз деушілерден құр болмайтын. Атаммен тұстас Ұлытауда қариялар көп еді, оразай Барақбай, қозыбай Әбіт, тарақты Досжан, қараторғай Торғай, ақтаз Қойшыбай, арғын Байғожа, Иманғажы, Кәри, т.б. Ел жиналғанда «Ану Тарзан катис» дегенде адамдар қыран топан күлкіге кенелуші еді. Түсінбесем де шапан шалғайынан сығалап жатып жаттап алғам. Қазір көбі ұмыт, есте қалғаны. Станция «Сабано». Ану, Тарзан катись! Бір қызығы Ұлытауда «Ану, Тарзан катись!», уақыт өте келе «Тарзан катись!» содан «катис» деген атау маған тағылып, ақыры өткен ғасыр қойнауына сіңіп, ол да өшіп еді. Қазақтың атақты ғалымы, тарихшы археолог Әлкей Марғұланның Ұлытау өңірінде археологиялық қазба жүргізген кезінде Аманкелді кеңшарымен шаруашылық қатынаста болып, бірде кеңшар басшысы Әліпбек Бекетаев, келесі келгенде менің Жақия Смағұлов жездемдікіне түседі. Үлкен кісімен дәмдес, тарихшымен сұхбат жасасуға, елдегі Әне бастаған үлкендер әкелінген еді. Жазғы каникул кезі, кісі қолдарына жағалата су құйып жүргем. Бір шал:

– Әй, Жақия, сенде мынадай бала жоқ еді, мына бала кім? – дегесін, «Ұлытаудағы Әбілдің баласымын» дегем. Әлгі шал бетіме бажырая қарап:

– Әй, бұл әлгі, Әбілдің ағасы, көккөз шал, Ану, тарзан катистің баласы емес пе деді. Содан әлгі шал /Әне/ Әлкейге арнап, бұлар Сіздің туыстарыңыз, мына Арғанатыны жайлап қыстаған Арғын Сүйіндік елі деген. Содан Сарлықта Әнені көрсем, бұрылып барып сәлем беруші едім. Әнекең өле өлгенше, «Тарзан катистің» немесе «Итжеккенің баласы» деп атап кетіп еді. Тоқсан ауыз сөзімнің түйініне таянайын. От пен тозақ дауылы тоздыра алмаған, жаны сірі, тәні тулақ, өзегі өрт, жүрегі дерт қария біз көргенді ұрпақ көрмесін деп бастайтын әр кез сөз басын. Тағдыр аяусыз, атамның белінен он бес ұрпақ өріп, ем-домсыз заманда шетінеп, содан жалғыз ұлы Жәкен қалып ол Ұлы Отан соғысында Керч қаласын қорғауда қаһармандықпен 1943 жылы қаза тауып, І дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталған.

Тажалдай талаған азап құрсауында әлсін-әлсін талықсып, ештеңе көрмесе де, санасына саңлау енсе, екі ұдай ой салады екен. Бірі, «осы мен тірімін бе?», әлде о дүниедемін бе?». Қым-қуыт ой тереңі шым батырғанда бірде арпалыс алаңына лақтырса, бірде азап алаңынан жұлып әкеткендей күйде. Әруақ қолда деу, сөз мақалы.

Қапаста әруақ үні: – Борыма. Жасыма балам. Қасірет, азап мәңгілік емес. Өмір – тасыған су. Қарман, өтесің де кетесің Осынау өмір мен өлім, зұлымдық пен мейірім, кісілік пен кісәпірлік, ескілік пен жаңалық тайталасқан алмағайып сәтте ойын жүйелеуге шамасы жетпей, әлсін-әлсін естен тана берген.

Көзі құтырған қасқырдың көзіндей ойнақтаған шайтан көз, қара сұр жылан түстес тергеуші, бұның басына мұздай суды төңкеріп, кірерлі-шығарлы есі жиналды ау дегенде, қара бақайынан, төбе құйқасына дейін шымырлатып, үйреншікті айғайына басатын.

Тегінде әділдіктің ақ шіркейі бар сана, мына тергеушінің арбауына түсіп, жазықсызды жылан болып шағып, нақақ жала жабуға, азғындауға, сүйегіне сіңген дегдар мәрттігі дес бермей, бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ деп, үш айдың жүзі қасарысумен келді. Шалшықтай саяз ойлы, ұзын сойыл ұрдажық тергеуші өз дегеніне көндіру үшін тергеу сұрақтары күн сайын төлдеп, өрбіп жан қинайды екен. Тергеудің осыдан өзге жұмысы жоқтай немесе аса қауіпті қылмыскердей есін жиған бетте, мәнсіз-мағынасыз тергеу сұрақтарын жаудырып, қанағаттанарлық жауап ала алмаған соң, ұрып жығып есінен тандыра қинайды екен. Маңдайына тапаншасын тіреп қойып:

– Шыныңды айтасың ба, жоқ па?, – деп, арс ете түсті.

– Немді айтам?

– Қылмысыңды деймін.

– Айтарымды айттым, жасырып қалар еш қылмысым жоқ. Бар айыбым жарты пұт /8 келі/ бидайды қоймадан көп балалы, аштықтан өлуге тақалған семьяға бердім. Басқа еш жазығым жоқ.

– Ештемем жоқты көрсетем мен саған, басына қанша айып тағылып жатқанын да білмейсің сен малғұн, дейді келе: – Жапон тыңшысы деген бұлтартпас айғақ бар, ол туралы жақ сындырып, ауыз ашпайсың. Ішек-қарныңды көзіңше суырып отырып мойындатамын. Отаның сатқан опасыз, нақтылы сатқындық қылмысыңды қалай жасырмақсың! Бірақ қанша жасырғаныңмен сыбайластарың әшкерлеп болды! Мен саған айтып қояйын, ендігі сенің тірі құтылу жолың біреу ғана. Ол өз еркіңмен қылмысыңды толық мойындау. Тіршілік керек болса, өзіңе? Жала деуге тілін толық келтірмей тергеуші соққыға жыққанша, соңғы сөзі жала, жала, жа... ла деп баяулап барып өшкен. Осылайша ит қорлықтағы алты ай, қу сүйек кеміргендей болған тергеуші. Ақыры сағыздай созған іс мерзімі бітіп, іс сотқа атышулы 58-баппен жолданыпты. Белгіленген күні екі жендет аяғын шіресе сүйемелдеп, шіремесе сүйреп сотқа әкеледі. Сот айыптау қорытындыны мұқият қарап, бір сәт сотталушыға көз айырмай қарап, өзгеге сездірмеген кейпі бас шайқаған болған. Сотталушы аты-жөніңіз» деген сот сұрауына, сөйлеуге шамасы жоқ сотталушыдан жауап болмағасын, тергеуші тұрып «Тілеубаев Әңкіш 58-бап» деп жауап беріпті. Сот төрағасы, тергеушіге арнап: - Айыпталушы денсаулығының ауыр жағдайға ұшырату себебін қалай түсіндіресіз? Сот отырысы айыпталушы денсаулығына байланысты он күнге кейін қалдырылсын. Тергеуші жолдас, заңға сәйкес айыпталушы денсаулығының оңалуына тиісті шара жасасын деп шешім етіпті. Содан түрмеге әкеліп ас-су бергізіп, ем-дом жасаттырыпты. Тергеушінің бұрынғы түрі жоқ, азаптау, айғайлаудан ада болған. Ес жиды дегенде, түрмеге жас тергеуші келіп, істі қайта тергеп, ақты қарасын ақиқи тұрғыда тергеу жүргізіпті. Жалған куәлерді беттестіріп, «Жапон тыңшысы» деген айыпты негізсіз деп таниды. Белгіленген күні атам, аяғымен сот отырысына өзі келіпті. Сот тыңдауында жаңа тергеуші, қосымша тергеу нәтижесімен сотты таныстырып, қылмыс құрамында 58-бапқа қатысты іс-әрекеттің жоқтығын баян етеді.



Ақырында сот алқасы кеңесіп, барлық айыптарды негізсіз жала деп тауып сот залынан атамды босатыпты. Атбасардан бір ай мерзімде үкім күшіне енгенше кетпеуді жүктепті. Мерзімінде үкімін алуға келсе, үкімді беріп тұрып: «Красноармеец Аңкиш Тилеубевич, разве вы не узнали меня?» дегенге дейін, кезінде алашорда одан ревкомда осы Атбасар, Есіл, Терісаққан өңірлерінде бірге жүрген майдандас досын таныпты.

Қолдарында білемдеген жез сапты қамшы, иықтарында көк мылтық асынған салт атты үш жендет келіп, тып-тыныш ұйыған сүттей елді ақ сабау тиген тулақша шаңын аспанға шығарып, ауылдың тайлы тұяғына дейін ортаға сапқа тізіп, ақырында арасынан үш адамды алдарына салып жаяу айдап кетіпті. Солардың бірі менің атам екен. Үкім қолына тиіп қысты Атбасарда аяқтап, жаз шыға сот досынан ат мініп, ел шетіне жетеді. Бір жылдан аса хабарсыз бұл кісіні ел іші «Итжеккенге айдалды» деп ұйғарып қойса керек. Артында іздеушісі жоқ адам. Содан қонбақшы болған үйлер бұл кісіден «Итжеккеннен қашып келе жатқан қашқын» деп үрейленіп, әңгімелесіп әй-жәй болғасын ғана рай танытыпты. Сол Итжеккен атымен елге келеді. Итжеккенге барған бармағанын қараңғы күмәнді елге еш сездірместен жаргон сөздеріне басып, «Станция Сабано. Ану Тарзан катис» деп, ол ол ма, Москваның, Қызыл алаңында ел көсемдері Сталин Калинин, Молотов т.б., қатысқан мерекелік үлкен жиында қазақтың «Аққұм» әнін шырқадым деген қуақы әңгімелері және бар. Ол кезде Москва тұрмақ, әлгі аталған атауларды елдің білер кезі ме еді. Әруағы Алланың ажарында Пайғамбар назарында болсын.

**Мұханбетжан ӘБІЛОВ,**
**Қазақстан Республикасы қаржы саласының ардагері, жазушы.**
**Теміртау қаласының тұрғыны**
*Суретте:* ***Әңкіш Тілеубаев, Туғанай әже алдындағы мен***

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

***Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін көтеру маңыздылығын ерекше атап көрсетіп келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы – мемлекеттік қызметшілер жұмысы тиімділігінің басты көрсеткіші болатынын және ол мемлекеттік тұтынушы ретінде халыққа тікелей бағдарлануы тиістілігін айқындап берді. Елбасының айқындап берген тапсырма, міндеттеріне сәйкес, 2013 жылдың 15 сәуір күні «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды.***

Қабылданған Заң талаптары көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша жаңа көзқарастарды қалыптастырып, негізінен қызмет алушы және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет алушы көрсетілген қызмет сапасымен қанағат тұтпайтыны, шағымдар болатынына байланысты, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Заңда көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлеріне шағым беру тәртібіне қатысты нормалар енгізілген. Ал мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына бақылау жасау мен оны бағалау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне және оның аумақтық құрылымдарына берілген. Яғни, уәкілетті органға қызмет беруші мен қызмет алушыға қанағаттанбау себебін анықтауға бағытталған кешенді зерттеулер жүргізу, мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік қызметтер көрсетілу заңнамасын сақтамау, уақытылы бақыламау мен қызмет алушылардың шағымдарын толық әрі уақытылы қанағаттандырмау себептерін зерттеу жұмыстарын жүргізу міндеттелген.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтің қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидаттары:

– көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

– мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

– мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

– мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

– мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

– мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Жоғарыда атап өткендей, мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге міндетті.

**Мира ИБРАЕВА,**
**«Жезқазған қаласы ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімі» филиалының мемлекеттік сот орындаушысы**

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

***2021 жылғы 5 мамыр*** ***№ 16/01*** ***Жезқазған қаласы***

## Жезқазған қаласының елді-мекендерінде салық салу нысандарының орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

***Нормативтік-құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2021 жылғы 13 мамырдағы нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №6335 болып енгізілді***

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 529-бабының 6 тармағына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес Жезқазған қаласының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

Осы қаулы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласының әкімі** **Қ. ӘБСАТТАРОВ**

***Результаты согласования***

***Акимат Карагандинской области – руководитель отдела государственно-правовой работы ГУ «Аппарат акима города Жезказган» акимата города Жезказган Мәдина Дүйсенбекқызы Нұрлыбай, 27.04.2021 18:28:10, положительный результат проверки ЭЦП***

***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 05.05.2021 11:24:24, положительный результат проверки ЭЦП***

***Результаты подписания***

***«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ – Жезқазған қаласының әкімі К. Абсаттаров, 05.05.2021 12:29:01, положительный результат проверки ЭЦП***

*Жезқазған қаласы әкімдігінің*
*2021 жылғы 5 мамырдағы№ 16/01 қаулысына*
*1-қосымша*

### Жезқазған қаласында салық салу нысанының орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

| № р/н | Жезқазған қаласында салық салу нысанының орналасуы | Аймаққа бөлу коэффициенттері |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | **1-ықшам ауданы –** Ғарышкерлер бульвары 7, 9, 11, 13, 15, 15А, 17, 19, 21, 21А, 21Б, 23, 25А, 27, 29, 33 үй;<br>Гагарин көшесі, 10, 12, 14, 16,18, 20, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36-үй;<br>Бейбітшілік даңғылы, 17, 19-үй. | 1,3 |
| 2 | **2-ықшам ауданы –** Ғарышкерлер бульвары, 6, 8, 10, 12, 16, 18, 24, 26, 28, 34, 38, 40, 42-үй;<br>Б. Момышұлы көшесі, 1, 3, 7, 11, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 4, 6, 8, 16, 18, 22, 24-үй;<br>Бейбітшілік даңғылы, 23, 29, 33, 37-үй;<br>С.Сейфуллин көшесі, 48, 50, 52, 54-үй;<br>Алашахан даңғылы, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 17, 19, 23, 25, 25А, 27, 21-үй. | 1,3 |
| 3 | **3-ықшам ауданы –** С.Сейфуллин көшесі, 53, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69-үй;<br>Алашахан даңғылы, 33, 35, 37, 37А, 39, 41, 43-үй;<br>Ғарышкерлер бульвары, 50, 50А, 54, 56-үй;<br>Байқоңыров көшесі, 106, 110, 112, 114, 118-үй. | 1,1 |
| 4 | **4-ықшам ауданы –** Алашахан даңғылы 20, 20А, 22А, 22Б, 22Е, 24, 24Б, 26, 28, 32-үй;<br>Жеңіс көшесі, 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 23-үй; Анарқұлов көшесі, 1, 3, 5, 7, 9, 15, 17-үй. | 1,3 |
| 5 | **5-ықшам ауданы –** Анарқұлов көшесі, 2, 4, 6, 8, 14, 14А, 14Б, 16-үй;<br>Бейбітшілік даңғылы, 45, 51, 51А, 49, 47, 53, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69-үй;<br>Деев көшесі, 1, 3, 5, 7, 7А, 9, 9А, 9Б, 11, 11Б, 13, 15, 17, 19-үй;<br>Алашахан даңғылы 2, 4, 6, 10, 14, 16, 18-үй | 1,2 |
| 6 | **6-ықшам ауданы –** Бейбітшілік даңғылы, 28, 30-үй; Есенберлин көшесі, М. Жәлел көшесі | 0,75 |
| 7 | **7-ықшам ауданы –** Марғұлан көшесі, 2/2, 2/1, 4, 6, 8, 10, 14, 18, 20, 24, 26, 28, 30, 34, 36, 40, 42, 44, 46, 48 үй;<br>Тілеулі батыр көшесі, 1-11, 13-21, 22А, 23, 24, 26-40, 42-44, 46, 47, 49-үй;<br>Ер-Шоштан көшесі 2, 4, 5, 6, 8, 9, 11, 13, 17А, 20, 21, 23, 25, 26, 27, 29, 30, 32-42, 44-59, 61, 62, 63, 66, 68-үй;<br>Кетбұқа би көшесі, 1, 3, 5, 7, 13, 15, 17, 19, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67-үй. | 0,75 |
| 8 | **8-ықшам ауданы** – Марғұлан көшесі, 72, 74, 76, 78, 84, 86, 88А, 90, 92, 94, 96, 96Б, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 116, 116А, 118, 120, 122-үй;<br>Тілеулі батыр көшесі, 50, 52, 53, 54, 56, 58, 60, 62, 67-74, 76, 78, 79, 80, 82, 84, 85, 86, 88, 90, 92, 93, 95, 96, 98, 100, 104, 106, 110, 112-үй;<br>Ер-Шоштан көшесі, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 95,97, 101, 105, 113, 117, 119, 121, 125, 129, 70, 72, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 94, 98, 98А, 100, 106, 110, 112, 114, 116, 118, 120, 124, 128, 132-үй;<br>Кетбұқа би көшесі 69, 71, 73, 77, 81, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 101, 107, 111, 113, 115, 117, 119, 121, 125, 127, 12, 14, 18, 20, 22, 24, 36, 38, 44, 46, 48, 52, 62, 64, 66 үй;<br>Бабыр би көшесі, 2-6, 8, 12-14, 16, 18, 19, 20, 22, 23, 25, 27, 32, 34, 36, 37, 38, 44, 46, 50, 56, 60, 62, 64, 33, 41, 43, 45, 49, 59, 65-үй;<br>Байжанұлы көшесі 5, 9, 11, 35, 37, 41, 43, 59, 61, 63-үй. | 0,75 |
| 9 | **1-орам** – Пушкин көшесі, 6, 8-үй; Холмецкий көшесі, 36, 38, 40, 42, 44, 46-үй; Фурманов көшесі, 21, 23, 24, 32-үй; Сәтбаев көшесі, 7, 9, 11-үй; Омаров көшесі, 9А, 11 үй; Строительная көшесі, 11-үй. | 0,75 |
| 10 | **2-орам** – Омаров көшесі 8,12,14 үй; Холмецкий көшесі 22,26,28,30,32,34 үй; Фурманов көшесі 11-20,1-6 үй; Строительная көшесі 4,6,8 үй; Құрманбаев көшесі 11,15,10,3,5,9А үй; Сәтбаев көшесі 3 үй; Желтоқсан көшесі 6,8,10,11,12,13,15,17 үй; Абай көшесі 11,13,15,17,17/1,19 үй. | 0,85 |
| 11 | **4-орам** – Холмецкий көшесі, 1, 2, 3, 3А, 5, 6, 8, 10, 12, 14-үй; Рысқұлов көшесі, 3-6, 8, 10, 12, 14, 20, 22, 24-үй; Гурба көшесі, 1-5, 7, 9, 11, 13, 15-үй; Тимирязев көшесі, 1, 2, 3, 6, 7, 8, 10, 11-үй; Ранов көшесі, 1, 3-9, 17-үй; Штифанов көшесі, 1, 2Б, 3, 4-13, 15, 17, 18, 19-үй; Шығыс айналма жолы, 2, 8-үй. | 0,85 |
| 12 | **5-орам –** Айбасов көшесі, 2, 4, 6, 9, 11, 13, 15-үй; Абай көшесі, 14, 16, 18, 20, 22-үй; Желтоқсан көшесі, 14, 16, 19-үй. | 0,75 |
| 13 | **6-орам** – Айбасов көшесі, 1, 3, 5, 7-үй; Абай көшесі, 2, 4, 6, 8, 10, 12, 5-үй; Чехов көшесі, 3, 5-үй; Желтоқсан көшесі, 29-үй; Тарадай көшесі, 8-үй. | 1,2 |
| 14 | **7-орам** – Бейбітшілік даңғылы, 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18-үй. | 1,2 |
| 15 | **8-орам** – Бейбітшілік даңғылы, 20, 24 үй. | 1,1 |
| 16 | **9-орам** – Сарыарка көшесі, 2, 4, 6, 8, 12, 14, 16, 18, 20-үй; Пугачев көшесі, 1, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 18, 22, 24, 30, 32, 34, 36, 38-үй; Гоголь көшесі, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 18-үй; Ломоносов көшесі, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 9, 11, 13-үй; Шапағат қалтарысы 1, 3, 5-үй; Наурыз бұрылысы, 5, 7-үй; Абай көшесі, 87, 87А, 89, 91, 93, 95, 95А, 97, 99-үй. | 1,2 |
| 17 | **10-квартал** – Гагарин көшесі, 5, 7, 9, 11, 13-үй; Бейбітшілік даңғылы, 9, 11, 13-үй; Асылбеков көшесі, 2, 4, 6, 8, 10, 12-үй; Аубакиров көшесі, 14, 16-үй; Құрманов көшесі, 4-8, 10, 12, 14, 16, 18, 20-үй. | 0,75 |
| 18 | **15-орам –** Гагарин көшесі 15, 17, 19, 21, 23-үй; Аубакиров көшесі, 9, 11, 13, 15-үй; Асылбеков көшесі, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28-үй; Либкнехт көшесі, 10, 11, 12, 13-18, 20, 22-үй; Смайлов көшесі, 14, 16-үй. | 0,75 |
| 19 | **16-орам** – Аубакиров көшесі, 3, 5-үй; Абай көшесі, 52, 54, 56, 58, 60, 62-үй; Смайлов көшесі, 4, 6, 8-үй; Либкнехт көшесі, 1, 2, 2А, 3, 4, 5, 23, 25, 27, 30, 32-үй; Асылбеков көшесі, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27-үй. | 0,75 |
| 20 | **19-орам** – Асылбеков көшесі, 34, 36, 38, 40-үй; Космедимянская көшесі, 6, 8, 10, 12, 14, 11, 13, 15-үй; Смайлов көшесі 7, 9-үй; С.Сейфуллин көшесі, 36-үй; Гагарина көшесі, 25, 27, 29, 31, 33-үй. | 0,75 |
| 21 | **20-орам** – Асылбеков көшесі, 29, 31, 33, 35, 37, 39-үй; Абай көшесі, 64Б, 66, 68, 70, 72-үй; Құрманғазы көшесі, 1-8 үй. | 0,85 |
| 22 | **21-орам** – Омаров көшесі, 24, 26, 28, 30, 32-үй; Абай көшесі, 39, 41, 43, 45, 47-үй; Пирогов көшесі, 4, 6, 8, 10-үй. | 0,85 |
| 23 | **22-орам** – Пирогов көшесі, 3, 5, 7, 9-үй; Абай көшесі, 29, 31, 33, 35, 37-үй; Омаров көшесі, 16, 18, 20, 20А үй; Әмралин көшесі, 3-12-үй; Сәтбаев көшесі, 4, 6, 10, 16-үй. | 0,85 |
| 24 | **23-орам –** Омаров көшесі, 17, 19, 21, 25А, 23Б, 23В-үй; Сәтбаев көшесі, 16, 18, 20, 22-үй; Әмралин көшесі 13, 15, 15А, 19, 16, 18, 20, 22, 24, 26-үй; Пирогов көшесі, 13, 15, 17, 19, 21, 21/1-үй; Жанасов көшесі, 1, 1Б, 1В, 1Г-үй; Пушкин көшесі, 17А, 17Б, 17В, 19 үй. | 0,9 |
| 25 | **25-орам** – Әмралин көшесі, 26А, 28, 30, 32-үй; Пушкин көшесі, 17 үй; Пирогов көшесі, 21Б, 23, 25, 18-үй. | 0,85 |
| 26 | **26-орам** – С. Сейфуллин көшесі, 16, 28-үй; Абай көшесі, 49, 49А, 49Б-үй; Жанасов көшесі, 2А, 4, 4А, 4Б, 4В, 6-үй. | 1,2 |
| 27 | **27-орам** – Сәтбаев көшесі, 24, 26, 28, 28А, 28Б, 28В, 30, 32 үй; Әмралин көшесі, 17, 23, 25-үй. | 1,2 |
| 28 | **28-орам** – Холмецкий көшесі, 48, 50, 52-үй; Пушкин көшесі, 3, 5, 9-үй; Раскова көшесі, 7, 9, 3, 4, 5, 6-үй; Сәтбаев көшесі, 17, 19, 21, 23, 25-үй; Аманжолов көшесі, 2, 8-үй. | 1,2 |
| 29 | **29-орам** – Жанасов көшесі, 8, 10, 12, 14, 16-үй; Пушкин көшесі, 21, 23, 25-үй; С. Сейфуллин көшесі, 2, 4, 6, 8, 10-үй. | 0,85 |
| 30 | **30-орам** – Абай көшесі, 74, 76, 78, 80, 82-үй; Құрманғазы көшесі, 9, 11-24-үй; Асылбеков көшесі, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55-үй. | 0,85 |
| 31 | **31-орам** – Құрманғазы көшесі, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38-үй; Шевченко көшесі, 49-үй; Асылбеков көшесі, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69-үй; Байқоңыров көшесі, 62, 64-үй. | 0,85 |
| 32 | **32-орам** – Асылбеков көшесі, 46, 48-үй; С.Сейфуллин көшесі, 39-үй; Гагарин көшесі, 37 үй; Шевченко көшесі, 32, 34-үй. | 0,85 |
| 33 | **33-орам** – С.Сейфуллин көшесі, 45-үй. | 0,85 |
| 34 | **61-орам –** Холмецкий көшесі, 56, 58, 60, 62, 64, 64/1, 66, 68, 70-үй; Сәтбаев көшесі, 27, 29, 31А, 33, 35, 37, 39, 41-үй; Некрасов көшесі, 2, 4, 6, 8-үй; Аманжолов көшесі, 1, 3, 5-үй. | 0,85 |
| 35 | **62-орам** – Сәтбаев көшесі, 34, 36, 40, 42-үй; Некрасов көшесі, 12, 14-үй; Аманжолов көшесі ,9, 11-үй. | 0,85 |
| 36 | **63-орам** – Холмецкий көшесі, 76, 78, 80, 84, 86, 88-үй; .Байқоңыров көшесі, 2, 4, 6, 8-үй; Некрасов көшесі, 1, 3, 5, 7-үй; Сәтбаев көшесі, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 59, 61, 61А, 63, 65, 67, 69-үй. | 0,85 |
| 1 | 2 | 3 |
| 37 | **64-орам** – Сәтбаев көшесі, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 54А, 56, 56Б, 58-үй; Байқоңыров көшесі ,12, 14, 16-үй; Некрасов көшесі, 9, 11, 13, 15, 17, 19-үй; Жанасов көшесі, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 19, 21, 25, 25А, 27 үй. | 0,85 |
| 38 | **65-орам** – Холмецкий көшесі, 94, 96, 98, 102, 104-үй;<br>Сәтбаев көшесі, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 89А, 91, 93, 95, 97-үй;<br>Байқоңыров көшесі, 1, 3, 5, 7-үй; Ұлытау көшесі, 2-үй. | 0,85 |
| 39 | **66-орам** – Байқоңыров көшесі, 9, 11, 13-үй; Жанасов көшесі, 29, 31, 39, 41, 43, 45А, 47, 49, 51, 53-үй; Ұлытау көшесі, 4, 6-үй, Сәтбаев көшесі, 60, 64, 66, 70, 72, 70Б, 74-үй. | 0,85 |
| 40 | **67-орам** – Шевченко көшесі, 1, 3, 5, 7, 7А, 9, 11, 13, 15, 17-үй; Пушкин көшесі, 41, 43, 45, 47, 51-үй; Байқоңыров көшесі, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32-үй; Аманжолов көшесі, 34, 36, 38-үй. | 0,85 |
| 41 | **68-орам** – Аманжолов көшесі, 24, 22-үй; С.Сейфуллин көшесі, 3, 5, 9, 15-үй; Пушкин көшесі, 35-үй; Шевченко көшесі, 4, 6, 8, 10-үй, | 0,85 |
| 42 | **69-орам –** Пушкин көшесі, 36, 40-үй, Байқоңыров көшесі, 34, 36, 38, 40, 44, 46, 46, 46/2, 48, 50-үй; Шевченко көшесі 31, 33, 27, 23, 25, 29, 37, 39-үй; Абай көшесі, 61, 63, 65, 67, 86, 88, 92, 94-үй; Құрманғазы көшесі, 25, 27, 29, 31, 33, 35-үй. | 0,85 |
| 43 | **70-орам** – Гагарин көшесі, 66, 72, 72/2, 70, 70/4-үй;<br>Жангелдин көшесі, 88, 90-үй; Панфилов көшесі, 76, 76А, 79, 81, 98, 100-үй;<br>Орджоникидзе көшесі, 35, 36, 36А, 37, 40, 39А, 41, 41/2, 42-52, 54, 56-үй;<br>Байқоңыров көшесі, 101, 103, 105, 107, 109, 113, 115, 117, 119, 119А, 121, 97А-үй;<br>Мамажанов көшесі, 16-34, 36, 38, 39-үй. | 0,85 |
| 44 | **71-орам** – Мамажанов көшесі, 16-34, 36, 38, 39-үй; Байқоңыров көшесі, 82, 82А, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 99, 100, 102-үй; Есенов көшесі, 17, 19, 21-38, 40-үй; Шевченко көшесі, 69, 71, 73/2, 75, 75/1, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 91-үй. | 0,85 |
| 45 | **72-орам** – Байқоңыров көшесі 66, 68, 70, 72, 74, 76, 80-үй; Мамажанов көшесі, 1-8, 10-13, 15, 15А-үй; Есенов көшесі, 1-16 үй; Шевченко көшесі, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65-үй. | 0,85 |
| 46 | **74-орам** – Гагарин көшесі, 76, 78, 80, 82, 98-үй; Асылбеков көшесі, 84, 86, 86/2, 88/1, 88/2, 90, 92, 94, 93, 95, 97/1, 97/2-үй; Абай көшесі, 126, 128, 130-үй; Маметова көшесі, 43, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76-үй; Н.Абдиров көшесі, 47-75, 77-үй, Жангелдин көшесі, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85-үй. | 0,85 |
| 47 | **75-орам** – Жангелдин көшесі, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86-үй;<br>Панфилов көшесі, 44, 46, 48, 50, 52, 53-69, 69А, 70-75, 77-үй;<br>Орджиникидзе көшесі, 1-19, 22-34-үй;<br>Байқоңыров көшесі, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95-үй. | 0,85 |
| 48 | **76-орам** – Абай көшесі, 81, 81А, 83-үй; Ұлытау көшесі, 66-үй. | 0,85 |
| 49 | **77-орам –** Абай көшесі, 79-үй; Заслонов көшесі, 2/2-үй. | 0,85 |
| 50 | **78-орам** – Ұлытау көшесі, 54, 56, 58, 60, 62-үй; Асатов көшесі 15-25 үй; Мәметова көш. 23, 25, 26, 27, 28, 28А, 29, 31, 32, 34, 36, 38, 40, 42, 44, 46-үй; Н.Әбдіров көшесі, 27, 27А, 28, 28/1, 30-46-үй; Жангелдин көшесі 39, 41, 43, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57-үй. | 0,85 |
| 51 | **79-орам** – Жангелдин көшесі 36, 38, 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54-үй; Панфилов көшесі, 24, 26, 28, 30, 32-35, 36, 38-43, 45, 47, 49, 51-үй; Молдағұлова көшесі, 23, 25, 27-30, 30А, 31, 33-42, 44-үй; Байқоңыров көшесі, 45, 47, 49, 53, 55, 57, 59, 61, 63-үй | 1 |
| 52 | **80-орам –** Жангельдин көшесі 28,30,32,32А, 34,34А үй, Панфилов көшесі,16, 16/2, 18, 18А, 20, 22, 25, 27, 27А, 29, 29А, 31-үй, Молдағұлова көшесі, 11А, 13, 15, 16, 18-22, 24, 26 үй, Байқоңыров көшесі 33, 35, 37, 39, 41, 43-үй. | 0,85 |
| 53 | **81-орам** – Жангелдин көшесі, 12, 14, 16, 18, 20, 22, 24, 26 үй; Панфилов көшесі, 1-15 үй; Молдағұлова көшесі, 1-12 үй; Байқоңыров көшесі, 23, 25, 27, 29, 31-үй; Аманжолов көшесі, 13, 15-үй. | 0,85 |
| 54 | **82-орам** – Жангелдин көшесі, 15, 17, 19, 21-үй; Салықбаев көшесі 3, 9 үй; Ұлытау көшесі, 22, 24, 26, 28, 30 үй; Жароков көшесі 2, 4, 6-үй; Байсейтова көшесі, 15-22-үй. | 0,85 |
| 55 | **83-орам** – Жангелдин көшесі, 29, 31, 33, 35, 37, 37А-үй; Н.Әбдіров көшесі, 11, 13-24, 26-үй; Мәметова көшесі, 9, 11, 12, 14-22, 24-үй; Асатов көшесі, 1-5, 7-14-үй; Ұлытау көшесі, 48, 50, 52-үй; Аманжолов көшесі, 31, 33, 35-үй. | 0,85 |
| 56 | **84-орам** – Жангелдин көшесі, 2, 4-үй; Инженерная 1 көшесі, 3-7-үй; Инженерная 2 көшесі, 1-6, 8 үй; Салықбаев көшесі, 10, 14, 16, 18, 20-үй; Жанасов көшесі, 18, 20, 22, 24, 26-үй; Байқоңыров көшесі, 21-үй. | 0,85 |
| 57 | **85-орам** – Жангелдин көшесі, 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13-үй; Байсейтова көшесі 1, 13 үй; Ұлытау көшесі, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20-үй; Салықбаев көшесі, 2, 4-үй; Жанасов көшесі, 28, 30, 36-үй. | 0,75 |
| 58 | **91-орам** – Марғұлан көшесі 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 29А, 31, 33, 35, 37, 39, 39/1, 41, 45, 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81-үй;<br>Қазақбаев көшесі, 3, 5, 7, 9-үй;<br>А.Түсіпбеков көшесі, 2, 3, 4, 6-17, 18/1, 18/2, 19-24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 38-үй;<br>Қазанбаев көшесі 1, 3, 4, 5, 7, 9, 10, 11, 13, 15, 16, 17, 19, 21, 23, 25-үй;<br>Жамбыл көшесі, 6, 12, 18, 20, 22, 24, 26, 36, 38, 40, 42, 44, 46, 56, 86А, 60-үй;<br>Иманжан көшесі 3, 5, 7, 9, 13, 15, 15/1, 17, 19, 21-үй;<br>Белинский көшесі, 1-14 үй; Жүсіпов көшесі 13, 15, 17, 23-үй. | 1 |
| 59 | **92-орам** – Марғұлан көшесі 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103,105, 107, 109, 109/2, 111, 113-үй;<br>Аманбай батыр көшесі, 1-12, 12А, 13, 14, 15, 15А, 16-29-үй;<br>А.Түсіпбеков көшесі 25, 29, 33, 35, 37, 39, 40-52, 54, 55, 56, 58, 59-70, 73/1-үй; Қазанбаев көшесі 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30-38, 40-43, 45, 46, 48, 49, 51, 52, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71-үй; Қазақбаев көшесі 60-үй; Жамбыл көшесі 57, 59, 61-86, 88, 90, 92-үй; Уәлиханов көшесі, 15, 17, 25, 25А, 26, 30, 30/1, 30/2, 32, 34, 36, 35, 37, 38, 38А, 38Б, 39-62, 64, 65, 67-үй; Металлургтер көшесі, 40А, 42А, 46, 46А, 47-68, 70, 72, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103-үй; Нұрпейісова көшесі, 31, 33, 35-45, 47, 49, 53, 52, 54-73,75-84-үй; Иманов көшесі, 50, 54, 58, 41, 57, 64, 66, 69, 69А, 69Б, 70-74, 76-82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 97, 98, 100, 102, 104-үй. | 0,85 |
| 60 | **93-орам** – Казақбаев көшесі, 17, 19, 21, 25, 27, 29, 29Б-үй; Молодежная көшесі, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36-үй; Иманов көшесі, 23, 25, 27, 29, 31, 38, 42, 44-үй; Нұрпейісова көшесі 21, 23, 24, 25, 27, 28, 29, 30, 32, 34-үй; Металлургтер көшесі 35А, 36, 40, 42, 42Б, 42В, 41, 43, 44, 44А, 45, 45/1-үй; Уәлиханов көшесі 11А, 17А, 18, 19А, 20-23, 25-үй; Жамбыл көшесі, 37, 39, 43, 45, 47, 49-үй. | 0,85 |
| 61 | **94-орам** – Жамбыл көшесі, 3, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 35/1 үй; Уалиханов көшесі 1-4, 6, 8, 9, 12, 11, 13, 16-үй; Металлургтер көшесі, 19, 21, 23-32-үй; Нұрпейсова көшесі, 1-20 үй; Иманов көшесі, 9, 17, 21, 12, 14, 16, 18, 18А, 20, 22-үй; Исаев көшесі, 36-үй, Белинский көшесі 15-26, 26А, 28, 34, 36, 44, 46 үй; Қазақстан көшесі 2, 4, 6, 8, 10, 12, 20-үй; Иманжан көшесі, 25, 27, 31, 35-үй; Молодежная көшесі 16, 20, 22-үй. | 0,85 |
| 62 | **95-орам –** Молодежная көшесі 39, 41А, 44, 53, 57, 69, 138, 139-үй. | - |
| 63 | **Бекболатсай ықшам ауданы –** Қошкарбаев көшесі; Ақын Кожабай көшесі; Ержанов көшесі; Бөкейхан көшесі; Төлебаев көшесі; Болман көшесі; Тайжан көшесі, С.Бұкіров көшесі, Сайдалы Сары-Тока көшесі; Жұбанов көшесі; Қазыбековтер көшесі; Ш.Айманов көшесі; Құсайнов көшесі; Жәнібеков көшесі; Көктем көшесі; Нұржанов көшесі; Мұқанов көшесі; Бұлкышев көшесі. | - |
| 64 | **Қостанкелді ықшам ауданы** – Балочная көшесі; Шашубай көшесі; Жанайдар Батыр көшесі; Интернациональная көшесі; Мұратбаев көшесі; Кеңгір көшесі; Ағыбай Батыр көшесі; Қостен-Гол-Сай көшесі; Б.Момышұлы көшесі; Крупская көшесі; Тоқтаров көшесі; Мочалов көшесі; Репин көшесі; Плеханов көшесі; Глинка көшесі; С.Шарипов көшесі; Толстой көшесі; Макаренко көшесі; Бебель көшесі; Кутузов көшесі; Никольский көшесі; Жездинская көшесі. | - |
| 65 | **Қабанбай батыр ықшам ауданы –** Қайнар көшесі; Губкин көшесі; Ферсман көшесі; Балбырауын көшесі; Шамшырақ көшесі; Ынтымақ көшесі; Ырыс көшесі; Бірлік көшесі; Шалқар көшесі; Ақдала көшесі; Темірқазық көшесі. | 0,85 |
| 66 | **Пристанционный (Вокзал) ықшам ауданы –** Қаражар көшесі; Железнодорожная көшесі; Берденов көшесі; Сафронов көшесі; Альмуханбетов көшесі; Шинтуринов көшесі; Майлин көшесі; Майлин қиылсы, Щорс көшесі; Шолохов көшесі; Иманжанов көшесі; Майкөтов көшесі. | 0,85 |
| 67 | **5 аудан –** 8-март көшесі; Дружба көшесі; Мира көшесі; Поселковая көшесі; Песчанная көшесі; Зеленая көшесі; Степная көшесі; Базарная көшесі; Транспортная көшесі; Пролетарская көшесі. | 0,85 |
| 68 | **Аварийный поселкесі –** Шұғыла көшесі; Дауылпаз көшесі; Сарыжайлау көшесі; 1-ауыл көшесі; 2-ауыл көшесі; 3-ауыл көшесі. | 0,85 |
| 69 | Саяжайлар | 0,85 |
| 70 | Гараждар | 0,85 |

*Результаты согласования*

*Акимат Карагандинской области – руководитель отдела государственно-правовой работы ГУ «Аппарат акима города Жезказган» акимата города Жезказган Мәдина Дүйсенбекқызы Нұрлыбай, 27.04.2021 18:28:10, положительный результат проверки ЭЦП*

*Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 05.05.2021 11:24:24, положительный результат проверки ЭЦП*

*Результаты подписания*

*«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ - Жезқазған қаласы әкімдігінің К. Абсаттаров, 05.05.2021 12:29:01, положительный результат проверки ЭЦП*

*Жезқазған қаласы әкімдігінің*
*2021 жылғы 5 мамырдағы№ 16/01 қаулысына*
*2-қосымша*

### Жезқазған қаласының ауылдық елді-мекендерінде салық салу нысанының орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

| № р/н | Жезқазған қаласының ауылдық елді-мекендерінде салық салу нысанының орналасуы | Аймаққа бөлу коэффициенттері |
|---|---|---|
| 1 | **Талап ауылы** – Құрманғазы көшесі, Болашақ көшесі, Абай көшесі, Молодежная көшесі, Центральная көшесі, Сейфуллин көшесі, Бектепбергенов көшесі, Мичурин көшесі | 0,85 |
| 2 | **Теректі станциясы -** Алтын-Орда көшесі, Сарыарқа көшесі, Наурыз көшесі, Байқоңыр көшесі, Теректі көшесі | 0,85 |
| 3 | **Кеңгір ауылы** – Әуезов көшесі, Мира көшесі, Молодежная көшесі, Ұлытау көшесі, Сейфуллин көшесі, Тимирязев көшесі, Школьная көшесі, Пушкин көшесі, Садовая көшесі | 0,85 |

*Результаты согласования*

*Акимат Карагандинской области – руководитель отдела государственно-правовой работы ГУ «Аппарат акима города Жезказган» акимата города Жезказган Мәдина Дүйсенбекқызы Нұрлыбай, 27.04.2021 18:28:10, положительный результат проверки ЭЦП*

*Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 05.05.2021 11:24:24, положительный результат проверки ЭЦП*

*Результаты подписания*

*«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ – Жезқазған қаласы әкімдігінің К. Абсаттаров, 05.05.2021 12:29:01, положительный результат проверки ЭЦП*



ДИДАРҒАЙЫП

# ШАҢЫРАҚТЫҢ КИЕСІ МЕН ИЕСІ ЕҢ...

***Анаң отыратын орынның үңірейіп тұруынан, анаңның аузынан шығар «айналайын, жаным» деген шуақты сөзді енді есті алмайтындығыңды білуден, есіктен еркелеп келгенде алдыңнан жүзінен нұр төгіліп шығар анаңның жоқтығын сезінуден ауыр күй болмас, сірә.***

***Аяулы анамыздың жарық дүниеден көшіп, бақи әлемге кеткеніне де 40 күндей уақыт болып қалыпты. Осы қырық күннің әрбір сәтінің салмағын немен өлшеуге болар екен?!***

Сағыныш деген сөздің мәнісін түсінеміз, алайда тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтеріп, сонан соң алақанына салып әлдилеп, ақ сүтін беріп әлпештеп өсірген, тіршілік қозғалысына араласқан әрбір сәтіңнің қызығына қуанып, үйлі-баранды болғанның өзінде де сені балаша аялап, барын алдыңа тосатын ананы сағынудың орны бөлек екен.

Шешеміз Рухия Досмағанбетова 1929 жылы 4 қаңтарда Сарыкеңгір өзенінің бойындағы Сарыкеңгір ауылында дүниеге келген. Қарағанды педучилищесін бітіріп, Ұлы Отан соғысының қайнап тұрған шағында Рудник кентіндегі №29 мектептің бастауыш сыныбында мұғалім болып еңбек жолын бастады. 1960 жылдан бастап қаламыздағы қара шаңырақ №8 орта мектепте (қазіргі №8 гимназия) бастауыш сыныптарда сабақ берді. Осы білім ордасынан зейнеткерлікке шықты.

Әкеміз Қабден Шыңғысұлымен өмір жолдарын түйістіріп, екеуі 1948 жылы отбасын құрап, анамыз 8 құрсақ көтеріп, 6 баланы тәрбиелеп өсірді. Әкеміз мемлекеттік қызметте болды да үй ішінің берекелі тірлігі мен бала тәрбиесінің салмағы анамыздың иығына түсті. Жұмыста өзге әулеттің отыз шақты баласын, үйде өзінің алты баласының тағдырына жауапты болған шешеміз ҰСТАЗ, АНА деген атына дақ түсірмей өткен жан болғанына мақтанамыз. Үй шаруасы мен негізгі жұмысының жүктемесіне қоса ол бірнеше қоғамдық жұмыстарға да араласты. Халық сотының заседателі, Жезқазған қалалық кеңесінің депутаты болып қаламыздың тірлігіне белсене араласты. Зайыбының алаңсыз қызмет етіп, ел арасында жарқырап жүруіне айрықша көңіл бөліп, балаларының қатарынан қалмай білім-тәрбие алып өсуін жіті қадағалап, отбасы бақыты үшін бар күш-қуатын жұмсады. «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін», «ҰОС-дағы Ұлы Жеңістің 55 жыл құрметіне», «Ана даңқы» медальдарының, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Анамыз – тыл ардагері. Үкімет ардақты анамыздың өңіріне «Күміс алқа» тағып, құрметтеді. Осының бәрі шешеміздің адал еңбегінің белгісіндей еді.

Біз анамызды тірлік сынағын көріп шыныққан, ақылды жар тауып ана болған бақытты жан деп санаймыз. Кейде әлденеге ренжіп, қабағымыздан шаршаудың табы білінсе, әуелі жүзімізге зерттей қарап алып, сонан соң мән-жайды біліп алып: «Ой, қарағым-ай, соған адам ренжи ме екен. Болмашыға ұнжырғасы түсе берген адамды өмір таптай береді. Әкелерің 17 жасында әкеден айырылып, соғыстан кейінгі қиындықтың салмағын сезініп өсті. Мен әкеден 6 жасымда, шешеден 13 жасымда жетім қалдым, тағдыр тауқыметін тартып өстім. Талпынып жүріп қатарға қосылдық. Әкелерің екеуіміз кездесіп, отау құрдық. Ащыны да, тұщыны да көрдік. 51 жыл бірімізге біріміз сүйеніп ғұмыр кештік. Алла жеткізді. Шүкір деңдер. Болмашыға бола кейімеңдер. Бәрі тәтті, сәтті болса, өмір өмір бола ма екен», – деп қайраттандырып жіберетін. Анамыздың сол сөзі мен ақылы бізге үлкен күш еді.

Әкеміз 1999 жылы 69 жасында дүниеден өтті. Анамыз әке орнына әке, шеше орнына шеше болып, көңілімізге кемдік түсірмей өсірді. Ыстықта сая, суықта пана болды. Есейдік, үйлі-баранды болдық, оң-солымызды таныдық, өзіміз де балаға әке-шеше болдық, бірақ анамыздың жанына отырып, еркелеп, дауысын естіп, ақылын тыңдап, дидарын көрмесек жанымыз жүдеп қалатын. Әкеміз дүниеден озғаннан кейін шаңырақтың, әулеттің киесі де, иесі де анамыз болатын.

Биыл 22 сәуір күні 92 жыл ғұмыр кешкен анамыз жарық дүниеге «қош» деп, Раббысының құзырына аттанып кетті. Сабырлық етеміз, шүкірлік қыламыз. Тек майдақоңыр дауысы, нұрлы жүзі, әзіл араластырып отыратын әңгімесі, өзендей арналы сөзі, дариядай терең ойы, айналып-толғанып отыратын мейірімге толы ықыласы еске түсіп кеткенде «бәрібір сенің орның ерекше, анашым, сенімен ғана айналамыз толық, төрт тарабымыз тең екен ғой» деп сағынып кетеміз, жанарымызға жас үйіріледі.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, жан ана. Ақырет күні Раббыңның дидарын көріп, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) шапағатына бөленіп, алдыңыздан сегіз жұмақтың қақпасының ашылуы нәсіп болсын.

Тіршілік-ай, ақ-қарасы алмасқан,
Өмір көші тартады алға талмастан.
Асыл ана, сен – бәйтерек жайқалған,
Біз – жапырақ бұтағыңа жармасқан.

Дана едің сен Өмір мәнін ұғынған,
Адалдық пен әділдікке жығылған.
Аяулы ана, сен мамақаз секілді ең,
Біз – балапан баурыңа кеп жылынған,
Қанатыңның астына кеп тығылған.

Деуші ең, мама: «Текті атаның ғұрпын ұқ»,
Сол сөзіңнен қайрат алдық сілкініп.
Сен ғайыпсың, орның қалды ойсырап,
Көкіректе бір ащы жас тұр тұнып.

Жылдар келіп, жазар жанның жарасын,
Жан анаңдай жанды қайдан табасың?!
Көкіректі өртеп тұрған ащы жас -
Саған деген сағыныш қой, анашым.

«Біз сендермен жасаймыз ғой»,- деген ең,
Өміріңде жатыр өлмес өнегең.
Екеуіңнің ғұмырың боп жалғанар
Балаларың, немерең мен шөберең.

Әкеміздей сен де болдың дара шың,
Дара шыңнан табатынбыз жарасым.
Топырағың торқа болсын, киелім,
Жатқан жерің жайлы болсын, анашым.

**Шыңғысовтар әулеті**

# АҚ ӘЖЕМІЗДІ САҒЫНДЫҚ...

Атамыз Қабденнің шаңырағына барған сайын төрден: «Құлындарым, келдіңдер ме?» деп балаша қуанып, қарсы алатын ақ жаулықты әжеміз Рухия Досмағамбетованың біздер үшін орны ерекше еді. Әжеміз біз үшін ақылдың көзі, тәрбиенің бұлақ бастауы болатын.

Әлемдегі ең ардақты әже өмірден өтіп кетсе де, көңілден ешқашан кетпейтіні анық жайт. Жүрегі мен алақан жылуының табы әлі күнге сақталып, маңдайымызды жылытып тұрғандай.

Немерелері үшін әжеміз – дүниедегі асыл әжелердің ішіндегі ең ғажабы, ең ардақтысы, ең асылы. Әже деген – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі. Сол сияқты біздің әжеміз де ағайын-туыстарының, балаларының, келіндерінің, немерелерінің ақылшысы, тәрбиешісі, әулеттің ұйытқысы бола білді. Әр баласына, немересіне жан жылуы төгіліп, келешектеріне алаңдап, кәсіпке баулып, мейірім мен ізгілікке үндеп, жаны қалмай отыратын.

Әжеміз өте данышпан, айналасына сыйлы, сөзі өтімді, ажарлы кісі болған. Бүкіл саналы ғұмырын балалары мен немерелеріне тәрбие беру жолына сарп еткен әжемізді еске алғанда, көз алдымызға оның ақпейіл мінезі мен әжелік қамқорлығы келеді. Еркелетіп есейткен әжеміздің орны біз үшін қашан да ерекше. Өзінің ақыл парасаты мен асыл қасиеті, әрбір айтқан өсиет сөздері мәңгілікке жадымызда, жүрек түпкірінде сақталмақ.

Қазір әжемнің айтар ақылы, әрбір істі шешердегі сабырлылығы, турасын кесіп айтар нақтылығы жетіспей, орны үңірейіп тұрғандай. Әрдайым оқудан үйге қайтқанымызда алдымыздан шығып, «ботам», «қарағым» деп айтқан сөздері құлақтан ешқашанда кетпес. Амал қанша, Алланың пендесіне бергені – қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр.

Бәріміздің де тілеуімізді тілеп, әрдайым жолымызды тосып отыратын сүйікті әжеміздің енді ортамызда жоқ екенін ойлағанда көзге жас, көңілге мұң үйіріледі. Ағайын-туыстарын, балаларын, немере, шөберелерін бауырына тартып, ашық-жарқын мінезімен жанымызды жадырату әжемізге ғана тән қасиет сияқты көрінеді.



Ұлағатты ұлы жол — ұстаздық мамандықты серік еткен әжеміздің өнегелі өмірі ұрпағына үлгі болып қалыптасты. Атамыз Қабден Шыңғысов екеуі Жезқазған аймағының білім саласына үлес қосты. Бала десе жанын беруге дайын тұратын асыл әжеміздің тәлім-тәрбиесінде болған немерелері бүгінде ел азаматтарына айналды. Әжеміздің: «Адамға ең әуелі дұрыс тәрбие, сапалы білім керек. Тәрбиесіз өскен ұл-қыздан білімді ұрпақ шықпайды. Сондықтан әуелі тәрбиелі де салиқалы ұрпақ болуға сендерді тәрбиеледім» деген сөзі құлағымыздан кетер емес. Әжеміз Рухия Досмағанбетқызы 92 жасында өмірден өтті. Өмірге әкеліп, қатарға қосқан ұл-қыздарының, немере, шөберелерінің қызығын көріп, қолдарынан су ішті.

Сүйегі асыл жанның өмір мектебінен үйреneріміз көп еді-ау. Қолы алтын әжеміз балалары мен немерелеріне, шөберелеріне әсемдеп, әспеттеп қолөнер туындысының негізінде тұтынатын заттарды өзі тігіп беретін. Тіпті, барлығымызға құрманың дәнінен тәспі жасап, сыйға тартты. 90 жасқа дейін көзілдіріксіз кітап, газет-журнал оқитын. Атамыздан кейінгі әулетіміздің ақылшысы, данасы болған Рухия әжеміздің тәлім-тәрбиесі біз үшін үлкен мектеп.

Біздер үшін қасиетті қарашаңырақтағы әжеміздің орны ойсырап қалды. Тағдыр жазуына не амал қылмақ керек?! Ұрпағының бақытты да шаттықты ғұмыр кешуін ғұмырының соңына дейін тілеп өткен ақ жаулықты әжеміздің біз үшін сіңірген еңбегін ақтап, атына кір келтірмей жүрсек, әжеміз жұмақ төрінде қолдап, қорғап жатарына кәміл сенеміз. Бақұл болыңыз, ақ әже! Сізді немерелеріңіз әрқашан сағынышпен еске алып жүреді.

**Еске алушылар,**
**Рухия Досмағанбетованың немерелері**

# ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БЮДЖЕТІ АРТТЫ

***Қарағанды облысының төлеушілерінен медициналық сақтандыру қорына 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап қазіргі уақытқа дейін 51,4 млрд. теңге түсті. Өңірдің түсімдері ел бойынша жалпы аударымдардың 8,2%-ын құрайды. Бұл туралы брифингте медициналық сақтандыру қорының Қарағанды филиалының директоры Фазыл Копобаев айтып берді.***

***Сомадан 37,7 млрд теңге – бұл жұмыс берушілердің аударымдары, қалғаны – ЖК, жеке құрылымдар мен азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін адамдардың жарналары.***

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

2021 жылғы сәуір айының соңындағы жағдай бойынша Қарағанды облысында 1 138 291 адам сақтандырылған, медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылмаған 237 389 адам бар, бұл жалпы халық санының 16,3%-ын құрайды. Оның ішінде: 79 мыңы – жалдамалы жұмысшылар санатына жататын азаматтар, 78 мыңнан астамы – ЖК, БЖТ төлеушілер және АҚС шарттары бойынша жұмыс істейтін азаматтар. 74 мыңнан астам адам міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру үшін жарналарды және (немесе) аударымдарды бірде-бір рет төлемеген.

– Жоғарыда аталған санаттарда мәртебенің болмауының негізгі себебі әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына тұрақты емес жарналар мен аударымдар және өткен кезеңдердегі берешек болып табылады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес МӘМС пакетінен медициналық көмекке құқық алу үшін азаматта соңғы 12 айдағы жарналар бойынша берешек болмауы тиіс. Сондықтан МӘМС жүйесіндегі өз мәртебемізді үнемі қадағалап отыру қажеттігі туралы тұрғындарымыздың назарын тағы бір рет аударғым келеді. Енді мұны өте тез және оңай жасауға болады. Тексеру әдістері туралы ақпарат қордың барлық кері байланыс арналарында қолжетімді. Бұл қордың ресми сайты fms.kz, «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы, «SaqtandyryBot» телеграм-боты, – деген Фазыл Копобаев Қарағанды облысының 2021 жылға арналған денсаулық сақтау бюджеті 113 млрд теңгеден асқанын айтты.

2021 жылдың басында қаржыландыру жоспары 107 083,9 млн теңгені құрады. Оның ішінде: ТМККК шеңберіндегі медициналық көмекке – 67 002,6 млн.теңге, МӘМС пакетіне – 40 081,3 млн. теңге. 2020 жылғы қорытынды қаржыландырумен салыстырғанда (КВИ-мен күреске арналған шығыстарды есепке алмағанда) бюджет өсімі 6%-ға өсті.

2021 жылдың 1 мамырына медицина қызметкерлерінің жалақысын ұлғайтуға арналған қаражатты ескере отырып, бюджет 5,95%-ға өсті және 113 456,3 млн.теңгені (КВИ-ға қаражатты санамағанда) құрады, оның ішінде ТМККК пакеті бойынша – 68 752,1 млн. теңге МӘМС пакеті бойынша – 44 704,2 млн. теңге. 2021 жылдың 3 айында коронавирустық инфекциямен күрес бойынша іс-шараларды төлеуге қор 7,5 млрд теңге бөлді. Оның ішінде: эпидемияға қарсы іс-шараларға тартылған медицина қызметкерлеріне үстемақыға – 4,2 млрд теңге, ПТР-зерттеуге – 1,3 млрд теңге, үйдегі стационарға – 16,7 млн теңге, мобильді бригадалардың жұмысына – 328,5 млн теңге.

– Естеріңізге сала кетейін, коронавирустық инфекция және пневмония кезінде медициналық көмек, сондай-ақ COVID-19 күдікті жағдайларда мобильді бригадалардың қызметтерін біздің азаматтар МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан тегін алады, бұл көмек ТМККК шеңберінде көрсетіледі, – деп түсіндірді филиал директоры.

**«ММСҚ» КЕАҚ Қарағанды облысы**
**бойынша филиалы**

***XXI ғасыр жаңа технология, ақпарат дәуірі бізден жаһандық экономикаға кіру тілі – ағылшын тілін меңгеру қажеттілігіне, яғни, үштұғырлы тілділікке алып келді.***

# ТІЛ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Үш тұғырлы тіл» туралы Жолдауында «Тілдердің үш тұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл жоба бойынша Қазақстан халқы үш тілде сөйлейтін жоғары білімді ел ретінде бүкіл әлемге танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі– мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі.

«Үштұғырлы тіл» идеясының үшінші құрамдас бөлігі – ағылшын тілін үйрену. Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру – ғаламдық ақпараттар мен инновациялық технологиялардың ағынына кіру деген сөз.

Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп кең қанат жайған жағдайында ағылшын тілін меңгеру, яғни «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етіп, міндеттейді. Заман ағымымен болып жатқан соны ғылыми жаңалықтар, жаңа техника, электроникалар тілін меңгеру үшін де әрбір тұлға жанжақты, көптілді меңгерген, ауызекі тілді ғана емес, заманауи техника тілін де меңгерген тұлға болуға тиіс.

Тіл – тек қатынас құралы емес, тілін үйреніп жүрген елдің рухани байлығын меңгеруде де үлкен рөл атқарады. Мысалы, ағылшын тілінің мәртебесі жөнінде мынадай пікір бар: «Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік».

Ағылшын тілі – халықаралық тіл. «Ағылшын тілі бізге әлемдік аренаға шығу үшін қажет. Бүгінгі таңда әлемдегі шығарылатын оқулықтардың 85 %-ы ағылшын тілінде. Қазақстанда 3,5 мың шетелдік компаниялар жұмыс істеуде. Біз олармен қандай тілде сөйлесеміз? Үштілділік біз үшін қалыпты жағдай болуы тиіс», - деген елбасы пікірі әрбір қазақстандықтың көптілді болуын міндеттейді. Расында да, ағылшын тілін білу жастарға әлемнің ең үздік ЖОО-да білім алуға, алдыңғы қатарлы мемлекеттерде тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді, ал бұл әлемнің әр түпкірінде кәсіпкерлікпен айналысудың, іскерлік қарым-қатынас жасаудың маңызды талабы болып табылады. Бірнеше тілді меңгерген азаматтарға өз елінде де, шетелде де бәсекеге қабілетті тұлға ретінде сұраныс жоғары екені дәлелденіп отыр.

Тәжірибе көрсеткендей, тіл – мәдениеттің кілті, ұлттық бірліктің жалпы механизмі, ұлттың әлеуметтік құрылым болуының басты құралы. «Тілі бірдің – тілегі бір», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі – тіл бірлігіне қол жеткізу жолында қызмет ету – парыз», екендігін ұмытпағанымыз жөн.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл әрбір қазақстандық болашағы бар жастардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, әрбір маман, кәсіпкердің шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

**Кәмшат ОМАРОВА,**
**№14 жалпы орта білім беретін**
**мектептің мұғалімі**

# МАУСЫМ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*Жезқазған қаласының уақыты бойынша*

| МАУСЫМ | Күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сейсенбі | 03:31 | 05:32 | 13:30 | 18:55 | 21:23 | 23:23 |
| 2 | Сәрсенбі | 03:31 | 05:31 | 13:30 | 18:55 | 21:24 | 23:24 |
| 3 | Бейсенбі | 03:31 | 05:31 | 13:30 | 18:56 | 21:24 | 23:25 |
| **4** | **Жұма** | **03:30** | **05:30** | **13:31** | **18:57** | **21:25** | **23:25** |
| 5 | Сенбі | 03:30 | 05:30 | 13:31 | 18:57 | 21:26 | 23:26 |
| 6 | Жексенбі | 03:30 | 05:29 | 13:31 | 18:58 | 21:27 | 23:26 |
| 7 | Дүйсенбі | 03:30 | 05:29 | 13:31 | 18:58 | 21:28 | 23:26 |
| 8 | Сейсенбі | 03:30 | 05:28 | 13:31 | 18:59 | 21:28 | 23:27 |
| 9 | Сәрсенбі | 03:30 | 05:28 | 13:31 | 18:59 | 21:29 | 23:27 |
| 10 | Бейсенбі | 03:30 | 05:28 | 13:32 | 18:59 | 21:30 | 23:28 |
| **11** | **Жұма** | **03:30** | **05:28** | **13:32** | **19:00** | **21:30** | **23:28** |
| 12 | Сенбі | 03:30 | 05:27 | 13:32 | 19:00 | 21:31 | 23:29 |
| 13 | Жексенбі | 03:30 | 05:27 | 13:32 | 19:01 | 21:32 | 23:29 |
| 14 | Дүйсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:01 | 21:32 | 23:29 |
| 15 | Сейсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:01 | 21:32 | 23:30 |
| 16 | Сәрсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:02 | 21:33 | 23:30 |
| 17 | Бейсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:02 | 21:33 | 23:30 |
| **18** | **Жұма** | **03:30** | **05:27** | **13:33** | **19:02** | **21:34** | **23:31** |
| 19 | Сенбі | 03:30 | 05:27 | 13:34 | 19:03 | 21:34 | 23:31 |
| 20 | Жексенбі | 03:31 | 05:27 | 13:34 | 19:03 | 21:34 | 23:31 |
| 21 | Дүйсенбі | 03:31 | 05:28 | 13:34 | 19:03 | 21:34 | 23:31 |
| 22 | Сейсенбі | 03:31 | 05:28 | 13:34 | 19:03 | 21:35 | 23:31 |
| 23 | Сәрсенбі | 03:31 | 05:28 | 13:34 | 19:03 | 21:35 | 23:32 |
| 24 | Бейсенбі | 03:32 | 05:28 | 13:35 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| **25** | **Жұма** | **03:32** | **05:29** | **13:35** | **19:04** | **21:35** | **23:32** |
| 26 | Сенбі | 03:32 | 05:29 | 13:35 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 27 | Жексенбі | 03:32 | 05:30 | 13:35 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 28 | Дүйсенбі | 03:33 | 05:30 | 13:36 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 29 | Сейсенбі | 03:33 | 05:31 | 13:36 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 30 | Сәрсенбі | 03:33 | 05:31 | 13:36 | 19:04 | 21:34 | 23:32 |

*Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт*

## DÚISENBI
## 31 MAMYR

### QAZAQSTAN
**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Másele». 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 12:00 31 маусым – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналады. «Қармен жуылған қан». К/ф. 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Apta». 15:45 «Тар заман». К/ф. 17:10 AQPARAT. 17:20 «Қызық екен...». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ». Арнайы жоба. 21:20 «ЗАМАНДАСТАР». 22:20 «ЖАТ МЕКЕН». 23:50 «АХМЕТ ЯСАУИ». 1:05 AQPARAT. 1:40 «Ашаршылық ақиқаты». Арнайы жоба. 2:20 «Теледәрігер»..

### ХАБАР
6:00 «Қазағым-ай» дәстүрлі ән кеші. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Бәсеке 2». 3:15 «Келінжан». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Метод Фрейда». 18:00 Мегахит. «Мальчики-налетчики». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 «Тарих. Тағдыр. Тұлға». Шәкәрім Құдайбердиев. 0:30 «Бабаларым, рахмет сендерге» атты концерт-спектаклі.

### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00» «Ұрланған тағдыр». 8:00М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «Айтарым бар». 15:00М/ф «Гризли и лемминги». 15:30 «Интерны». 16:10 «Үздік әзілдер». 16:30 «Құйынды мекен». 18:00 «Мәриям». 20:00ASTANA TIMES. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

### КТК
07.05 “ДАУ-ДАМАЙСЫЗ”. 07.30 “УЛЫ ТАМШЫЛАР”. 09.20 “ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ”. 10.40 “ДЕВОЧКИ МОИ». 14.10 “ОЛЮШКА. 16.00 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ”. 18.00 “АМАНАТ”. ӨЗБЕК Т/Х. 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 “СИДЕЛКА”. 23.45 “ПЁС-4”. 01.45 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 02.30 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 03.15 “ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ”. 04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

### 7-АРНА
06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Айна-online». 07.30 «Зыңзың Күлпәш». 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 Х/с «Перчатка Авроры». 13.00 «Бастық боламын». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 «Крепостная». 17.00 «Домик на счастье». 18.00 «Осколки». 19.00 «Цена жизни». 21.00 «Әкесінің баласы». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Осколки». 01.10 «Крепостная». 02.15 «Бастық боламын». 03.15 «Мезгілсіз сезім». 04.15 «Қуырдақ». 05.00 «Жеңіп көр».

### ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный фильм. 09.00 Мультфильм. 09.30 Туған жер – алтын бесігім» Саят Әбдіғалидің ән кеші. 11.15 Деректі фильм. 11.45 Мультфильмы. 12.30 «Деген екен...». 13.00 «Рухани жаңғыру». 13.15 «Память о прошлом». 13.40 «Ешкім де, ештене де ұмытылмайды...» О Бекілдеков. 14.05 Фильм. 16.00 «Қисса». 16.10 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 18.00 Деректі фильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Қисса». 18.45 Мультфильм. 19.20 Деректі фильм. 20.10 «Нәубат». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.00 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

### АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Экстрасенсы-детективы. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

### 31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:20 «Неге?». 07:50 «Армагеддон». 08:50«Экстрасенсы детективы». 10:00 «Келіндер бәйгесі». 11:00 «Ананди». 12:30 «Пиноккио». 14:10 А/ф «Артур и минипуты». 16:30 «Такси». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:00 «Пиноккио». 22:20 КИНО. «Достать ножи». 01:10 «Ананди». 02:10 «Кел татуласайық». 03:40 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## SEISENBI
## 1 MAÝSYM

### QAZAQSTAN
**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ**

6:05 Балаларға арналған концерт. 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «АЙНАЛАЙЫН». ТЕЛЕМАРАФОН. 12:30 «Менің атым Қожа». К/ф. 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «АЙНАЛАЙЫН». ТЕЛЕМАРАФОН. 16:00 «БИБІ АНА». Арнайы жоба. 16:35 «ЖАН ЖЫЛУЫ». 17:00 AQPARAT. 17:15 «АЙНАЛАЙЫН». ТЕЛЕМАРАФОН. 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «АЙНАЛАЙЫН». ТЕЛЕМАРАФОН. 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:20 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 0:45 AQPARAT. 1:20 «Теледәрігер». 2:10 «Жан жылуы». 2:40 «Ауылдастар».

### ХАБАР
6:00 «Түркістан», «Отырарды қорғау». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Бәсеке 2». 13:15 «Келінжан». 14:15 «Ән әлемі». Мерекелік шығарылым. 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Метод Фрейда». 18:00 Мегахит. «Девять ярдов». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Баспанаға бағыт». 20:50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 Жұлдыз болғың келсе..

### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «Айтарым бар». 15:00М/ф «Гризли и лемминги». 15:30 «Интерны». 16:10 «Үздік әзілдер». 16:30 «Құйынды мекен». 18:00 «Мәриям». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50»Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

### КТК
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 “УЛЫ ТАМШЫЛАР”. 08.50 “ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ”. 10.00 НОВОСТИ. 10.40 “КТО ТЫ?”. 11.40 “ПЁС-4”. 13.50 “СИДЕЛКА». 16.00 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ”. 18.00 “АМАНАТ”. Өзбек т/х. 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 “СИДЕЛКА”. 23.45 “ПЁС-4”. 01.45 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 02.30 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 03.15 “ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ”. 04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР .

### 7-АРНА
06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Война семей». 09.40 «Домик на счастье». 10.50 Х/с «Цена жизни». 13.00 «Бастық боламын». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 «Крепостная». 17.00 «Домик на счастье». 18.00 «Осколки». 19.00 «Цена жизни». 21.00 «Әкесінің баласы». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Осколки». 01.10 «Крепостная». 02.15 «Бастық боламын». 03.15 «Мезгілсіз сезім». 04.15 «Қуырдақ». 05.00 «Жеңіп көр».

### ДИДАР
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 Мультфильмы. 10.45 Деректі фильм. 11.35 «Ән шашу». 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 13.00 «Дидар». 13.30 «Нәубат». 13.50 Деректі фильм. 14.20 Мультфильм. 14.35 Фильм. 16.00 «Қисса». 16.10 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Қисса». 18.45 «Деген екен...». 19.15 Документальный фильм. 20.15 «Дәрігер кеңесі». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.30 «Дидар».

### АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Экстрасенсы-детективы. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

### 31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:40 «Армагеддон». 07:40 Информбюро. 08:50 «Экстрасенсы детективы». 10:00 «Келіндер бәйгесі». 11:00 «Ананди». 12:30 «Пиноккио». 14:10 КИНО. «Больше, чем друг». 16:30 «Такси». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:00 «Пиноккио». 22:20 Сериал «Чужой». 23:30 «Ананди». 01:00 «Кел татуласайық». 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері . 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## SÁRSENBI
## 2 MAÝSYM

### QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 AQPARAT. 13:10 «Замандастар». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу. 16:00 «Ауылдастар». 16:30 «Тұлға». 17:00 AQPARAT. 17:20 «Көңіл толқыны». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:20 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 0:45 AQPARAT. 1:20 «Ashyq alań». 2:10 «Теледәрігер».

### ХАБАР
6:00 «Бауыржан шоу». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Бәсеке 2». 13:15 «Келінжан». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Отчаянные». 18:00 Мегахит. «Опасные пассажиры поезда 123». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Индустрия». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 «Келінжан». 1:00 «Әсем әуен».

### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «Айтарым бар». 15:00М/ф «Гризли и лемминги». 15:30 «Интерны». 16:10 «Үздік әзілдер». 16:30 «Құйынды мекен». 18:00 «Мәриям». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55Loto 6/49. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

### КТК
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 “УЛЫ ТАМШЫЛАР”. 08.50 “ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ”. 10.00 НОВОСТИ. 10.40 “КТО ТЫ?”. 11.40 “ПЁС-4”. 13.50 “СИДЕЛКА». 16.00 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ”. 18.00 “АМАНАТ”. ӨЗБЕК Т/Х. 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 “СИДЕЛКА”. 23.45 “ПЁС-4”. 01.45 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 02.30 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 03.15 “ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ”. 04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

### 7-АРНА
06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Война семей». 09.40 «Домик на счастье». 10.50 Х/с «Цена жизни». 13.00 «Бастық боламын». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 «Крепостная». 17.00 «Домик на счастье». 18.00 «Осколки». 19.00 «Цена жизни». 21.00 «Әкесінің баласы». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Осколки». 01.10 «Крепостная». 02.15 «Бастық боламын». 03.15 «Мезгілсіз сезім». 04.15 «Қуырдақ». 05.00 «Жеңіп көр».

### ДИДАР
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 «Дидар». 10.15 Мультфильм. 10.30 «Деген екен...». 11.00 Документальный фильм. 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 13.00 «Дидар». 13.30 «Дәрігер кеңесі». 13.45 Мультфильм. 14.00 Фильм. 16.00 «Қисса». 16.10 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Қисса». 18.45 «Айғаным» К/ф. 19.15 Деректі фильм. 19.55 «Достояние Независемости». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.30 «Дидар».

### АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Экстрасенсы-детективы. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

### 31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:40 «Армагеддон». 07:40 Информбюро. 08:50 «Экстрасенсы детективы». 10:00 «Келіндер бәйгесі». 11:00 «Ананди». 12:30 «Пиноккио». 14:10 Сериал «Восьмидесятые». 15:20 Сериал «Чужой». 16:30 «Такси». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Кел татуласайық». 20:00 Информбюро. 21:00 «Пиноккио». 22:20 Сериал «Чужой». 23:30 «Ананди». 01:00 «Кел татуласайық». 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## BEISENBI
## 3 MAÝSYM

### QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 AQPARAT. 13:10 «Замандастар». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «Қымбат жандар».16:00 «Ауылдастар». 16:35 «MENIŃ QAZAQSTANYM». 17:00 AQPARAT. 17:20 «Көңіл толқыны». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:20 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 0:45 AQPARAT. 1:20 «Ashyq alań». 2:10 «Теледәрігер».

### ХАБАР
6:00 «Бауыржан шоу». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Шашу». 13:15 «Келінжан». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Отчаянные». 18:00 Мегахит. «Идентификация». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарда». 20:50 «Індетпен күрескен Қазақстан». 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 «Келінжан». 1:00 «Әсем әуен».

### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 М/ф «Гризли и лемминги». 15:30 «Интерны». 16:10 «Үздік әзілдер». 16:30 «Құйынды мекен». 18:00 «Мәриям». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Қызым». 22:00»Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер» 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30»Бірегей».

### КТК
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 “УЛЫ ТАМШЫЛАР”. 08.50 “ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ”. 10.00 НОВОСТИ. 10.40 “КТО ТЫ?”. 11.40 “ПЁС-4”. 13.50 “СИДЕЛКА». 16.00 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ”. 18.00 “АМАНАТ”. Өзбек т/х. 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 “СИДЕЛКА”. 23.45 “ПЁС-4”. 01.45 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 02.30 “АСТАРЛЫ АҚИҚАТ”. 03.15 “ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ”. 04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

### 7-АРНА
06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Война семей». 09.40 «Домик на счастье». 10.50 Х/с «Цена жизни». 13.00 «Бастық боламын». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 «Крепостная». 17.00 «Домик на счастье». 18.00 «Осколки». 19.00 «Цена жизни». 21.00 «Әкесінің баласы». 22.00 «Серт пен сезім». 00.00 «Осколки». 01.10 «Крепостная». 02.15 «Бастық боламын». 03.15 «Мезгілсіз сезім». 04.15 «Қуырдақ». 05.00 «Жеңіп көр».

### ДИДАР
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 «Дидар». 10.15 «Айғаным» К/ф. 10.45 Мультфильм. 11.15 Деректі фильм. 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 13.00 «Дидар». 13.30 «Достояние Независемости». 14.05 Фильм. 16.00 «Қисса». 16.10 Мультфильм. 16.30 «Ән шашу». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Қисса». 18.45 К/ф. 20.00 «Алаштың ардақтылары». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.30 «Дидар».

### АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Экстрасенсы-детективы. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

### 31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:40 «Армагеддон». 07:40 Информбюро. 08:50 «Экстрасенсы детективы». 10:00 «Келіндер бәйгесі». 11:00 «Ананди». 12:30 «Пиноккио». 14:10 Сериал «Восьмидесятые». 15:20 Сериал «Чужой». 16:30 «Такси». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Кел татуласайық». 19:50 «Сөздің шыны керек». 20:00 Информбюро. 21:00 «Пиноккио». 22:20 Сериал «Чужой». 23:30 «Ананди». 01:00 «Кел татуласайық». 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## JUMA
## 4 MAÝSYM

### QAZAQSTAN
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ**

6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 AQPARAT. 7:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Қызық екен...». 13:00 AQPARAT. 13:10 «Замандастар». 14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». 15:00 «ӘЛЕМ АЙНАСЫ». 15:20 «ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ» Айман Омаровамен. 15:50 «Ауылдастар». 16:25 «Егіз лебіз». 17:00 AQPARAT. 17:20 «ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ НЫШАНЫ». 17:45 «Көңіл толқыны». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 AQPARAT. 20:35 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «ЗАМАНДАСТАР». 22:20 «ЖАТ МЕКЕН». 23:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». 0:45 «PARASAT MAIDANY». 1:15 AQPARAT. 1:50 «Ashyq alań». 2:40 «Теледәрігер».

### ХАБАР
6:00 «Алашұлы» тобының ән кеші. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен». Патриоттық әндер топтамасы. 10:15 «Қолда я жолда». 12:15 «Шашу». 13:15 «Келінжан». 15:00 «Бүгін». 16:00 «Асыл қазына». 17:00 «Отчаянные». 18:00 Мегахит. «Слезы солнца». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Журналистік зерттеу циклінен «Мемлекеттік рәміздер» д/ф. 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда». 23:30 «Келінжан». 1:00 «Әсем әуен».

### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдыр». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 «30 лет Независимости» Тележурнал. 14:05 «Өмір – дастан». 14:25 М/ф «Гризли и лемминги». 15:30 «Интерны». 16:10 «Үздік әзілдер». 16:30 «Құйынды мекен». 18:00 «Мәриям». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 5/36. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Қош келдіңіз». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Біреудің есебінен». 2:45 «KazNet». 3:05 «Үздік әзілдер». 3:50 «Интерны». 4:35 «Біздің ауыл». 5:05 «Отбасы». 5:30 «Бірегей».

### КТК
07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07.30 “УЛЫ ТАМШЫЛАР”. 09.00 “ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ”. 10.10 НОВОСТИ. 10.50 “КТО ТЫ?”. 11.50 “ПЁС-4”. 14.00 “СИДЕЛКА». 16.10 “ОХОТА НА ВЕРНОГО”. 18.00 “АМАНАТ”. Өзбек т/х. 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 “KTKweb”. 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 “НЕ ГОВОРИ МНЕ О ЛЮБВИ”. 01.20 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 02.10 “KTKweb”. 02.55 “ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ”. 03.40-04.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР..

### 7-АРНА
06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Құтты қонақ». 09.00 «Война семей». 09.40 «Домик на счастье». 10.50 «Цена жизни». 13.00 «Бастық боламын». 14.00 «Q-елі». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 «Орёл и решка». 17.00 «Юмор! Юмор! Юмор!». 18.40 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 20.45 JAIDARMAN CUP. 22.00 «Серт пен сезім». 01.00 Х/ф «Дублёр». 03.00 «Мезгілсіз сезім». 04.00 «Қуырдақ». 05.10 «Жеңіп көр».

### ДИДАР
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Мультфильм. 10.00 «Дидар». 10.15 Көркем фильм. 11.30 «Ән шашу». 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 13.00 «Дидар». 13.30 «Алаштың ардақтылары» . 14.00 Фильм. 16.00 «Қисса». 16.10 Мультфильм. 16.30 «Ән шашу». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Қисса». 18.45 Мультфильм. 19.15 Деректі фильм. 20.05 «Важно о вакцинации». 20.15 «Рәміздерім-Айбыным!». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 21.30 Фильм. 23.30 «Дидар» .

### АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сериал. 10:00 Новости т/к «Акшам». 10:30 Информационный блок. 10:40 Сериал. 13:00 Новости т/к «Акшам». 13:30 Информационный блок. 13:40 Сериал. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Сериал. 17:00 Экстрасенсы-детективы. 18:00 Передача. 18:30 Информационный блок. 18:40 Кел татуласайық. 19:00 Новости т/к «Акшам». 19:30 Информационный блок. 20:00 Информбюро. 21:00 Новости т/к «Акшам». 21:30 Информационный блок. 21:40 Сериал. 23:00 Новости т/к «Акшам». 23:30 Информационный блок.

### 31 АРНА
06:00 Ризамын. 06:30 «Армагеддон». 07:30 «Сөздің шыны керек». 07:40 Информбюро. 08:50 «Экстрасенсы детективы». 10:00 «Келіндер бәйгесі». 11:00 «Ананди». 12:30 «Пиноккио». 14:10 КИНО. «Любовь с ограничениями». 16:30 «Такси». 17:00 «What's Up?». 17:40 КИНО. «Starперцы». 19:50 «Оқиға орны». 20:00 Информбюро. 21:00 «Пиноккио». 22:20 Сериал «Чужой». 23:30 «Ананди». 01:00 «Кел татуласайық». 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## SENBI
## 5 MAÝSYM

### QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Ғасырлар үні». 7:00 AQPARAT. 7:35 «Сырлы сахна». 8:10 «ЖҮЙРІК САНА». Д/ф. 9:10 «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». М/х. 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Әзіл әлемі». 14:00 «КҮМІС КӨМЕЙ». 14:45 «Мадагаскар 2». М/ф. 16:00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». Ток-шоу. 17:00 Төреғали Төреәлінің концерті. 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 «MÁSELE». 20:30 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». Т/х. 23:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ». 23:15 «ЖАТ МЕКЕН». 0:10 «ДОН И». 1:50 «Másele». 2:25 «Күміс көмей».

### ХАБАР
6:00 «Сені ұмытқан жоқпын». Абай Бегей. 7:30 «Өзін-өзі тану». 7:40 «Әсем әуен». 8:15 Телехикая марафоны. «Сүрбойдақ». 10:00 «Tangy fresh». 11:00 «Чужое гнездо». 13:15 «Рауза». 15:00 «Қызық болған». 16:15 «Маска». 18:00 «Алтыбақан». 19:00 «Qazaq Golden Hits». 20:15 «Отдел журналистских расследований». 21:00 «7 күн». 22:00 Ток-шоу «Хабарлас». 23:00 Мегахит. «Идентификация». 1:00 «Әсем әуен».

### АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 «Тұмарым». 11:30 «Қызым». 12:30 «Қайсар ханша». 14:00 Х/ф «Служебный роман». 17:00 «Алдараспан». 18:00 «Мәриям». 20:00 «Из первых уст». 20:25 «100 сұхбат». 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 Х/ф «Драконы навсегда». 2:20 «Azil keshi». 3:20 Той жыры. 3:50 «KazNet». 4:10 «Үздік әзілдер». 5:00 «Ән мен әзіл» .

### КТК
07.05 “ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ”. 07.50 “ҮЛКЕН ҮЙ-2”. 08.40 “ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ”. 09.00 “БАСТЫ РӨЛДЕ”. 09.30 “KTKweb”. 09.50 “СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ”. 11.20 “НЕ ГОВОРИ МНЕ О ЛЮБВИ». 15.00 “ІНЖУ”. 18.50 “ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР”, Құдайберген Бекіштің ән-шашуы. 21.00 “БОЛЬШИЕ НОВОСТИ”. 22.00 “ОТПУСК В СОСНОВОМ ЛЕСУ”. 01.40 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 02.30 “АТАЛАР СӨЗІ”. 03.00-05.10 “ІНЖУ”.

### 7-АРНА
06.00 «Гу-гулет». 06.30 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Япырай». 09.00 «Война семей». 11.10 «Регина+1». 12.10 «Орёл и решка». 13.10 Х/ф «Дублёр». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 К/ф «Үйім сенсің». 18.10 «Зың-зың Күлпәш». 20.45 Шоу «Ну-ка, все вместе!». 22.50 Х/ф «Левша». 01.20 «Тақиясыз періште». 03.00 «Мезгілсіз сезім». 04.00 «Гу-гулет».05.00 «Айна-online». 05.30 «Қуырдақ».

### ДИДАР
08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Мультфильм. 10.00 «Дидар». 10.15 Деректі фильм. 11.05 «Деген екен...». 11.30 «Ән шашу». 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 13.00 «Дидар». 13.30 «Рәміздерім-Айбыным!». 13.45 «Важно о вакцинации». 14.00 Фильм. 16.00 «Қисса». 16.10 Мультфильм. 16.30 «Ән шашу». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18 35 «Қисса». 18.45 Деректі фильм. 19.15 «Актуально». 19.45 «Президент Жолдауы: сенімге-серпін!». 20.00 «Сәлем». 20.30 Фильм. 22.30 «Ән шашу». 23.00 Документальный фильм .

### АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:30 Готовим с Адель. 10:05 Мультфильм. 12:00 Информационный блок. 12:20 Фильм. 13:40 What*s Up?. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:30 Фильм. 17:05 Фильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. 20:20 Информационный блок. 20:30 Фильм. 22:00 Информационный блок. 22:10 Фильм. 23:40 Информационный блок.

### 31-АРНА
06:00 Ризамын. 07:10 «Армагеддон». 08:10 «Оқиға орны». 08:20 Информбюро. 09:30 «Готовим с Адель». 10:00 «Bala Battle». 10:40 «Тәтті шоу». 12:10 Сериал «Ян Гуйфей». 13:10 «What's Up?». 14:10 М/с «Лило и Стич». 15:10 А/ф «Артур и месть Урдалака». 17:20 КИНО. «Посвященный». 19:20 КИНО. «Призрачный гонщик 2». 21:10 «Полный Блэкаут». 22:00 Новый сезон «Неге?». 23:40 «Музыкалық сағат». 01:10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 1001 анекдот. 05:00 Әзіл студио.

## JEKSENBI
## 6 MAÝSYM

### QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Tolaǵai». 7:25 «Сағындырған әндер-ай!». Ретро-концерт. 8:00 «AQSAUYT». 8:20 «ЖҮЙРІК САНА». Д/ф. 9:10 «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». М/х. 10:00 «Асау толқын». 12:00 «Егіз лебіз». 14:15 «Сұлу мен құбыжық». М/ф. 15:30 Мақпал Жүнісованың концерті. 17:05 «ҚЫМБАТ ЖАНДАР». 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». 20:00 «АРТА». 20:50 «Жүзден жүйрік». 22:30 «ЖАТ МЕКЕН». 0:10 «ДОН И». 1:50 «Apta». 2:40 «Қымбат жандар».

### ХАБАР
6:00 «Қазақ қызға үйленем». Төреғали Төреәлі. 7:30 «Самопознание». 7:40 «Әсем әуен». 8:15 Телехикая марафоны. «Детектив әже». 10:30 «Хронограф 2021». 11:00 «Чужое гнездо». 13:15 «Рауза». 15:00 «Қызық болған». 16:00 «Алтыбақан». 17:00 «Qazaq Golden Hits». 18:30 «Мәжіліс.kz». 19:00 «Qazaq Golden Hits». 19:15 «Маска». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:00 Мегахит. «Слезы солнца». 1:00 «Pro SPORT». 1:30 «Әзіл кеші».

### АСТАНА
6:00 Қаламгер. 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. 10:25 «Тұмарым». 12:00 «Қызым». 13:00 «Қайсар ханша». 14:30 Х/ф «Неоспоримый 3». 16:40 «Алдараспан». 18:00 «Мәриям». 20:00 «Тәуелсіздік жолы». 20:25 Үздік әндер. 20:45 Аялы алақан. 21:00 «Қызым». 22:00 «Тұмарым». 23:10 «Қайсар ханша». 0:20 «Bas times». 1:30 М/ф «Люпен III: Первый». 3:00 «KazNet». 3:20 «Әзілстан». 3:40 «Ән мен әзіл». 5:10 «Үздік әзілдер».

### КТК
07.05 “ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ”. 07.50 “ӘНДЕР МЕН ЖЫЛДАР”, ӘН-ШАШУ. 09.30 “СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ”. 11.00 “ОТПУСК В СОСНОВОМ ЛЕСУ». 15.00 “ІНЖУ”. 17.10 “МНЕ С ВАМИ ПО ПУТИ”. 21.00 “ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ”. 22.00 “СЧАСТЬЕ НАПОЛОВИНУ”. 23.45 “ВПЕРЕДИ ДЕНЬ». 01.40 “АТАЛАР СӨЗІ”. 02.10-05.10 “ІНЖУ”,

### 7-АРНА
06.00 «Гу-гулет». 06.30 «Айна-online». 07.30 «Q-елі». 08.30 «Япырай». 09.00 «Юмор! Юмор! Юмор!». 10.45 Х/с «Доктор Котов». 15.00 «Мезгілсіз сезім». 16.00 К/ф «Екінші мүмкіндік». 18.10 «Тақиясыз періште». 21.00 Х/ф «Матрица времени». 22.50 Х/ф «Проповедник с пулемётом». 01.20 «Тақиясыз періште». 03.00 «Мезгілсіз сезім». 04.00 «Гу-гулет». 05.00 «Айна-online». 05.30 «Қуырдақ».

### ДИДАР
08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный фильм. 09.00 Мультфильм. 09.30 «Ән шашу». 10.00 «Дидар». 10.15 Мультфильм. 11.35 Деректі фильм. 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні». 13.00 «Президент Жолдауы: сенімге-серпін!». 13.15 «Актуально». 13.45 «Ән шашу». 14.00 Фильм. 16.00 «Қисса». 16.10 «Аққу-Гәкку». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Қисса». 18.45 Мультфильм. 19.15 Деректі фильм. 19.45 «Рухани жаңғыру». 20.00 «Сәлем». 20.30 Фильм. 22.30 «Ән шашу». 23.00 Документальный фильм.

### АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:30 Готовим с Адель. 10:00 Детская передача. 10:20 Информационный блок. 10:30 Мультфильм. 12:10 Фильм. 15:00 Передача. 15:20 Информационный блок. 15:40 Мультфильм. 18:00 Передача. 18:20 Информационный блок. 18:30 Фильм. 20:00 Передача. 20:20 Информационный блок. 20:30 Фильм. 22:00 Информационный блок. 22:10 Фильм. 23:40 Информационный блок.

### 31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 07:20 «Армагеддон». 08:20 «What's Up?». 08:50 «Bala Battle». 09:30 «Готовим с Адель». 10:00 М/с «Лило и Стич». 12:10 Сериал «Ян Гуйфей». 13:10 КИНО. «Любовь с ограничениями». 15:30 КИНО. «Посвященный». 17:30 КИНО. «Война динозавров». 19:30 КИНО. «Прибытие». 21:40 КИНО. «Кин». 00:00 Сериал «Ян Гуйфей». 01:40 «Полный Блэкаут». 02:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 05:00 Әзіл студио.

# ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС

Қазіргі өмірді автомобиль көлігінсіз елестету мүмкін емес. Көшелер мен жолдардағы қозғалыс қарқындылығының артуымен жол қозғалысының барлық қатысушыларына қойылатын талаптар үнемі артып келеді. Біз күн сайын дерлік қоғамдық көліктердің жаяу жүргіншілері мен қоғамдық көлік жолаушылары рөлін атқарудамыз. Барлық елдерде көшеде жаяу жүргіншілер үшін де, жүргізушілер үшін де, жолаушылар үшін де бірдей ережелер бар, дегенмен, біз, көбінесе қасымыздағы адамдар, қарапайым ережелерді елемей, осылайша жаяу жүргіншілерге де, жүргізушілерге де құрметсіздік көрсетеді. Бірақ, бұл ережелерді шамалы бұзудың өзі қайғылы салдарға әкелуі мүмкін.

Көшедегі қауіпсіз жүріс-тұрыс және балалардың жарақаттары өте өткір мәселе. Жыл сайын балалармен жазатайым оқиғалар саны артып келеді. Кез келген балаға қатысты жол-көлік оқиғасы ол ересектердің тікелей кінәсі болып табылады.

Себебі, балалар қазіргі заманауи қалалардың ауласындағы, көшедегі немесе жолдардағы қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін толық білмейді және оларды бұза отырып, өз әрекеттерінің ықтимал қауіпті екенін сезінбейтіндіктен орын алады.

Көбінесе, өз-өздерімен қалған балалар, әсіресе, мектеп жасына дейінгі ересек балалар жолдағы нақты қауіпті түсіне білмейді. Балалар өздеріне жақындап келе жатқан көлікке дейінгі қашықтықты, оның жылдамдығын дұрыс анықтай алмайды, олар өздерінің жылдамдықтары мен ептіліктеріне сүйенеді. Көбінесе балалар жолдың жиегінде көңілді ойын ойнауды немесе велосипедпен жолға шығуды қауіпсіз деп санайды.

### Қала көшелерінде және жолда қауіптен қалай құтылуға болады?

Балалардың жолдағы қауіпсіздігі – бұл ата-аналардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет және ешқашан оны назардан тыс қалдыруға болмайды!

Әр ата-ананың міндеті – тәртіпті жаяу жүргіншіні тәрбиелеу. Қала көшелерінде қауіпсіздікті сақтау үшін, ең алдымен, баланың назарын, қабілетін жол жүру қауіпсіздігін қалыптастыру қажет.

Әркез есте ұстауымыз керек, бүгін бала кез-келген жерде ата-анасының қолынан ұстап бірге жүреді, ал ертең ол ер жеткен кезде қала көліктерінің тәуелсіз жаяу жүргіншісі және жолаушысы болады.

Мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың негізгі тәсілі – ересектерге, әсіресе ата-анаға қарау, соларға еліктеу. Көптеген ата-аналар мұны дұрыс сезінбей, балаларына жолда өзін қалай ұстаудың теріс тәртібін үйретеді.

Егер ата-аналардың өздері баланың көзінше жол ережелерін бұзатын болса, айтылған сөздердің бәрі де нәтижесіз болады: олар жолды дұрыс емес жерден кесіп өтеді, жолды қиғаш немесе бағдаршамның қызыл бағдаршамымен «кесіп өтеді», баланы ересек адамның алдынан жүгіріп өте бер деп жол ережесін бұзуға итермелейді. Жолдан өтіп бара жатқанда балаларды қолынан мықтап ұстап, жүгіріп өтуге тырысқан жағдайда да ұстауға дайын болу керек екенін ұмытпаңыз – бұл жазатайым оқиғаларда жиі кездесетін себептердің бірі.

**Ережені бұзбаңыз! Балалардың сізден үлгі алатындығын әрдайым есте сақтаңыз.**

Балаларға көшедегі жол жүру тәртібін үнемі түсіндіру керек:

1. Бағдаршамның жасыл шамы жанғанда ғана көшеден өтіңіз.
2. Сіз тек арнайы жаяу жүргіншілерге арналған жолдармен ғана жүре аласыз.
3. Жер асты өткелдері бар жерде соны пайдаланыңыз.
4. Жолды кесіп өтпес бұрын сол жаққа қарау керек. Жолдың ортасына жеткенде оң жаққа қараңыз.
5. Жолдан өтерде жаяу жүргіншілер өтетін жолдың ортасында тоқтап тұруға және аялдауға болмайды немесе жай тұруға болмайды!
6. Қарсы келе жатқан көліктердің алдында жолға шығып кетуге болмайды.
7. Көлікке толық тоқтағаннан кейін ғана кіруге және шығуға болады.
8. Автобус пен троллейбусты артқы жағынан, ал трамвайды алдыңғы жағынан айналып өту керек.
9. Жаяу жүргіншілер жолында достарыңызбен бірге келе жатқанда оны толықтай жауып жүрмей, қарсы келе жатқан адамға кедергі келтірмеуге тырысыңыз, ойын ойнап, жаяу жүргіншілерге кедергі жасамаңыз.
10. 14 жасқа дейінгі балалар автокөлік жолына велосипедпен шығып кетпеуі керек.

Балаларға «жол еркелікті көтермейді – аяусыз жазалайды!» дегенді үнемі ескертіп отыру керек.

***Құрметті ата-аналар! Балаларыңызбен бірге үйден балабақшаға, мектепке және одан кейін қайтатын ең қауіпсіз жолды біліп алыңыз! Балалардың қала көшеләріндегі жүру тәртібін сақтау бойынша берік дағдылары болуы керек, ал ата-аналар бұл жағдайда бала үшін ең үлгі тұтатын адам болуларыңыз керек!***

Ең бастысы – балаларыңызды көшеде қараусыз қалдырмаңыз!

**Жезқазған қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы**



БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №20. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.

Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Думан ӘБІЛТАЕВ.

(А) – материал ақылы.

100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88

Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

***Мемлекетімізде Тәуелсіздіктің ақ таңы атқан 1991 жылы дүниеге келген азаматтар – бүгінде орда бұзар жасында. Ел дамуының жолында аянбай еңбек етіп, алған сапалы білімі мен саналы тәрбиесін егемендігімізді нығайтуға арнаған Тәуелсіздіктің құрдастарына «Тәуелсіздікті деген ұғымды қалай түсінесің? Тәуелсіз Қазақстанның қандай жетістіктерін білесіз?» деген сауалдарды жолдаған едік.***



**Нұрболат Кайыржанұлы ТӨРЕХАНОВ – *«KAZ MINERALS» ЖШС қарасты «БОЗШАКӨЛ» кенішінде ауысым шебері болып қызмет жасайды. «Еңбек өтілі» төсбелгісінің иегері.***

Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіз азат елде өмір сүріп, тәуелсіздіктің дәмін татқан жастар біздер бақыттымыз! Қаншама ата-бабамыз Тәуелсіздік жолында құрбан болды. Ол кісілердің еңбектері өлшеусіз. Мәңгі қарыздармыз дер едім.

Көк байрағы желбіреген, абыройлы да айбынды елдің жеткен жетістіктері мен бағындырған белестерін жіпке тізіп шығу мүмкін емес. Дегенмен, Елбасының бастамасымен 1998 жылы елордамызды Ақмолаға көшіріп, оған Астана атауын беру үлкен жетістік дер едім. Неге десеңіздер, әлем елдері көз тіккен мегаполисті аз уақыттың ішінде қалыптастыру оңай шаруа емес. 2017 жылы Астана қаласында өткен халықаралық «Экспо-2017» көрмесі де – көп жетістіктің бір парасы.



**Динара Тимурқызы БАТЫРБЕКОВА – *«Food-Блогер». Ол 2020 жылы «Блогер келіндер» арасында өткен марафонға қатысып, өзінің шеберлік дизайнерлігімен (орамал тағу үлгісі) және де білікті аспазшы ретінде көзге түсіп, «Пысық келін» атағына ие болады.***

Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс. Тәуелсіз, ешкімге бағынышты емес, зайырлы, өз тілі, өз діні бар Қазақстан деген елдің азаматтарымыз. Еліміз Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгеніне – 30 жыл. Осындай азат елде өмір сүріп жатқанымды мақтан тұтамын.

Бүгінгі күнге дейінгі барлық жетістіктер тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізілген. 30 жыл уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасалуда. Елімізде білім, ғылым, денсаулық спорт салалары айрықша дамуда. Тәуелсіздік – біздің ең басты құндылығымыз.



**Светлана Валерьевна СЕФЕРБЕКОВА – *Жезқазған тарихи - археологиялық музейінің ғылыми қызметкері. Қала әкімінің Алғыс хатымен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.***

Менің ойымша Тәуелсіздік – бұл таңдау құқығы және еркіндік, ал бұл аталғандар әрбіріміз үшін аса маңызды.

**Материалдарды жинақтаған музейдің ғылыми қызметкері Ақнұр РАХМЕТОВА**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### *Құрметті бауырым Дүйсен Әукенұлы ЖОЛДЫБАЕВ!*



*Сізді 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ салиқалы өмір және асыл әке тағдырын бір Алла маңдайыңызға жазсын деген тілекпен мына жыр шумақтарын арнаймыз.*

*Қуанышты күн бүгін – беделді жас белесі,*
*Еңбекпенен өтіпті өткен жылдар елесі.*
*Тектi тұқым кешегі бабалардың ізісің,*
*Оған куә мына біз, оған өмір төреші.*
*Әукендей асыл әкенің, ұрпағы боп бата алдың,*
*Қандай істе болмасын, болдыңыз алды қатардың.*
*Қазақы салт-дәстүрдің бір белгісі ырыммен,*
*Ер бейнесін көрсетер Дүйсен деген ат алдың.*
*Адал жар тауып өмірде, бір Алла Сізге қарасқан,*
*Роза келін ерекше артық туған Алаштан.*
*Зерделесем болмысын анамыздан аумаған,*
*Әкем менен анамдай жұптарыңыз жарасқан.*
*Жанұяда сүйкімді перзент болып жаралдың,*
*Ұлағатты, саналы тәрбиеден нәр алдың.*
*Ата-анам қазан көтерген шаңыраққа иесің,*
*Себебі бұл заңдылық кенже ұл боп саналдың.*
*Алтау едік әкеден, қадірін оның білеміз,*
*Екі ағам кетті өмірден, жүрекке салып күрең із.*
*Елордада тұрсақ та, ауыл қымбат біз үшін,*
*Сағынышпен әрдайым еске алып жүреміз.*
*Еселенсін еңбегің, еліңіз үшін еленген,*
*Армандарға жетіңіз, абырой-атақ беделмен.*
*Әміріңіз үйленіп – шаңырақтың иесі,*
*Немерелер сүйіңіз, мол бақытқа кенелген.*
*Абырой оңай келген жоқ, түсінемін, білемін,*
*Әрқашанда өзіңді мақтан етіп жүремін.*
*Құтты болып туған күн, жүз жастан әрі асыңыз,*
*Қызығы мол өмірде бір Алла болсын тірегің.*

**Сәлеммен, жездесі – Сәбек, тәтесі – Бәткен**
*Нұр-Сұлтан қаласы.*

## 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

# БАҚЫТ ДЕГЕН – СЕНІҢ БАЛА КҮНДЕРІҢ

***Еш алаңсыз күн кешкен балалық шағына оралуды армандамайтын жан жоқ болар. Әсіресе, баласын болашағына балап, өмірінің жалғасы санайтын біздің халқымыз баласын бақыты санаған. Нәрестенің іңгәсі мен сәбидің шат күлкісі естілер үйге бар жақсылық тұрақтары сөзсіз. 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні. Аталған мереке БҰҰ-ның бастамасымен 1950 жылдан бері арнайы атап өтіліп келеді. Ең жарқын тілек бөбек былдырында екені сөзсіз. Ендеше, мереке қарсаңында пәк жүрек пен періште көңілдің иесі саналатын балалар тілегін қабыл алыңыздар.***



### *Айым және Әлімхан НҰРМАН*

Біз Айым мен Әлімхан – егіздерміз. Алдағы күндері 3 жасқа толамыз. Отбасымызда атам мен әжем, әкем мен анам бірге тұрамыз. Біз «Алтын бесік» балабақшасына барамыз. Әр күн сайын анамыз бен әкеміз екеумізді балабақшаға алып келеді. Тәрбиешілер мен өзге балаларға алғашында үйренісе алмағанымыз рас. Анамызды қимай жылап әрең дегенде қалатынбыз. Дегенмен, уақыт өте келе балабақша ұнай бастады. Бұл жерде бізге барлығы қызыға қарайды. Бізге тәрбиешілер түрлі ойындар үйретті.

Біздің екеуміздің мінезіміз екі түрлі. Мысалы мен, Айым – көп жылап, еркелеп шу шығармаймын. Мені сабырлы дейді. Ал, Әлімхан болса сәл тентектеу. Ол жылдам қимылдап, жүгіріп жүреді. Мен қуыршақты жақсы көремін. Ал, Әлімхан машиналармен ойнағанды ұнатады, бірақ ол ойыншықтарын тез бұзып тастайды.

Мен өскенде әлемге аты әйгілі биші болғым келеді, ал Әлімхан полиция қызметкері болсам дейді. Бізге анам ойымыз әлі талай өзгеретінін айтады. «Кім болсаңдар да ел алғысын арқалаған халқына қалаулы және сүйікті азаматы мен азаматшасы болыңдар!» деген анам бізді үнемі еркелетуден жалыққан емес.

### *Нұрислам ЖАРЫЛҚАСЫН*



Мен «Айналайын» бөбекжайындағы ересек тобының тәрбиеленушісімін. Бірер жылдан соң мектепке барамын. Кітап алып, оқушы атанатын күнді асыға күтудемін. Мен өлең, тақпақ жаттағанды жақсы көремін. Таяуда қалалық Абай оқуларында ақын өлеңдерін өз мәнеріне келтіріп оқып, диплом иегері атандым. Абай Құнабайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі ерекше ұнайды. Абай өлеңдерінің негізгі мазмұнын, мағынасын ата-әжем түсіндіріп береді. Сонымен қатар мен мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттағанды, жұмбақ шешкенді жақсы көремін.

Мен өз елімді, туған жерімді сүйемін. Әрдайым аспанымыз ашық, Отанымыз тыныш болғанын қалаймын. Барлық адамдар тату болсын. Менің елім, Қазақстаным жасап, жайнай берсін!

### *Айжұлдыз ШӘРІПХАН*



Мен өскенде әнші болғым келеді. Ол үшін ата-анамның, балабақшадағы тәрбиешілерімнің айтқан тілдерін алып, мектепте сабақты жақсы оқуым қажет. Мен тәрбиеленетін «Айгөлек» балабақшасында Айкен Мұхамеджан деген досым бар. Біз екеуміз «Айгөлек» дуэтінде ән шырқаймыз. Бізге ән-күй сабағының жетекшісі Гүлмира Үдербаева халқымыздың дара дауысты әншісі Ескендір Хасанғалиевтің әндерін жаттатқызады. Мен де, менің отбасым да Ескендір атаның әндерін сүйіп тыңдайды.

Біз алда келе жатқан 1 маусым – Халықаралық балалар күні мерекесін асыға тосып отырмыз. Біз бұл мерекеде мерекелік концерт ұйымдастырамыз. Мен кеш жүргізушісі боламын.

Әлемдегі барлық бала бақытты болуға лайық. Мен еліміздегі барша балаларды 1 маусым – балалар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Жер бетінде ешбір бала мұңайып, жыламасын, ауырмасын, жақындарын жоғалтпасын деп тілеймін!

***Бүгінде балалардың қатысуымен орын алатын оқыс оқиғалар жиілеп кетті. Терезеден құлаған, түтінге уланған, суға батқан, отқа күйген, автокөліктің астында қалған, үйден қашқан, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған тағы сол балалар. Соңы қайғылы аяқталатын осы оқыс оқиғалардың алдын алудың бірден-бір жолы – ата-аналардың жауапкершілігін арттырып, өзекті мәселеге қоғамның назарын аудару. Осы ретте республика көлемінде «Бала қауіпсіздігі» атты кең көлемдегі акция бастау алды.***

# ӨМІР БӘРІНЕН ҚЫМБАТ



Акцияға үн қосқан Жезқазған қаласы ПБ ювеналды полиция тобының қызметкерлері екі күнге созылған ауқымды шара ұйымдастырды. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеуде қолайсыз отбасылардан, өзге санаттар (бұрын сотталған, шартты түрде сотталған, қорғау ұйғарымы және ерекше талаптар) бойынша полиция есебінде тұрған тұлғаларды, ювеналды полицияда есепте тұрған кәмелетке толмағандарды мекенжайына іздеп барды. Олармен түсіндірме жұмыстарын жүргізген тәртіп сақшылары қала халқы көп шоғырланатын Алғашқы құрылысшылар алаңында кәмелетке толмағандар мен ата-аналарын әңгімеге тартты. Баланың жыныстық қол сұғылмаушылығы, бейтаныс адамдармен мінез-құлық ережелері тақырыбында өрбіген кездесу барысында кәмелетке толмағандар арасындағы суицид пен жазатайым оқиғалардың алдын алуға бағытталған ақпараттық жадынамалар үлестірілді. Мұндай мазмұндағы ескерту парақтарымен Жезқазған қаласының аумағында барлық жалпы білім беретін оқу орындары да қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік желінің де әлеуетін оңтайлы пайдаланған тәртіп сақшылары акция аясында жоғары оқу орындары мен колледж ұжымдарын да назардан тыс қалдырмады. Онлайн форматта педагогтер мен ата-аналар қауымымен кездесіп, баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кеңестер берді. Облыс көлемінде өткен отбасы сағаты жобасы аясында «Инстаграмдағы» ресми парақшада Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы өртті мемлекеттік бақылау бөлімінің аға инспекторы азаматтық қорғау капитаны Зарина Валиева «Балалар жол-көлік жарақатын алмасын», «Жазғы демалыс уақытында кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында тікелей эфир өткізді.

– Жыл басынан облыс аумағында кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстардың саны 72-ден 82-ге дейін, яғни 13,9%-ға өскен. Оның ішінде кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын қылмыстардың 46 фактісі тіркелген. Сондай-ақ, облыста балалардың 4 жазатайым оқиғасы орын алып, оның біреуі өліммен аяқталды. Кәмелетке толмағандар арасында 10 суицид жасалса, оның 5 аяқталған суицид. Балалардың жоғалу фактісі – 34, – деген Жезқазған қалалық ПБ ЖПҚБ ЮПТ аға УПИ полиция майоры Жансәуле Құрманбаева осы жылы Сәтбаевта баланың терезеден құлау оқиғасы тіркелгенін жеткізді.

Биіктіктен құлаудың бірден-бір себебі – балалардың ата-ана қарауынсыз қалуында. Мұндай оқыс жағдайлар жаз айларында артпаса кемімек емес деп дабыл қаққан ювеналды полиция қызметкерлері ата- аналарды барынша жауапкершілікті сезініп, балаларды үйде, жолда, көшеде үлкеннің қарауынсыз қалдырмауды сұрайды. Қалдырған жағдайда бауыр етіне ненің қауіпті, ненің қауіпсіз екенін ұғындыру қажет деген жауапты мамандар балалық шақ бейқам ғана емес, сонымен бірге қауіпсіз болуы ата-ананың мойнында екенін еске салады.

**Бота ШАЛҚАР**

# ЕЛІНІҢ ҮМІТІ

***Жезқазған мыс бұлағы тасып, өндірісі өрге жүзген шаһар ғана емес. Осынау шағын қалада өнерімен елді аузына қаратып, талабымен талай жұртты тәнті еткен балалар да баршылық. Солардың бірі – Милана БЕКМҰРАТОВА.***

Бөбекжай табалдырығында жүргеннен бастап өзінің белсенділігімен көзге түскен ол аймақтық «Жезқазған жұлдыздары» слетіне, республикалық «Балапан» балалар арнасы ұйымдастырған «Bal Bala» телевизиялық жобасына қатысып, қазылар алқасының ыстық ықыласына бөленді. Талапты бүлдіршін мектеп қабырғасында да қатарластарының алды болып келеді. Биыл № 8 қазақ гимназиясының 2-сыныбын бітірген Милананың өзі де, жетістіктері де көз қуантады. Кішкентайынан көркемсөз оқуға бейім кез келген поэзиялық шығарманы мәнеріне келтіріп, өлеңнің образын ашып оқып береді.

Осы уақытқа дейін Милан Бекмұратова аймақтық «Big stars kz» таланттар байқауының III орын иегері, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған республикалық «Ғылым таппай мақтанба» байқауының I орын иегері, «Тәуелсіздік – маңдайдағы бағым бұл» байқауының Бас жүлдесін иеленді. Халықаралық VII балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жас дарын» байқауында 7-10 жас аралығында көркем сөз және соло жанры бойынша Гран-При жүлдесін жеңіп алды. Тізе берсек Милананың жетістіктері жетерлік.

Баланың бас ұстазы – ата-ана екенін ескерсек, Милананың әр қадамына қуанып, әр ісіне шынайы тілеулес болатын анасы Манат Сұрауханова оны қай кезде де қолдайтынын, қорған болып, демеуден жалықпайтынын айтты.

– Милана да өзге балалар секілді білім алуда. Басқалардан айтарлықтай ерекшелеп ешқайда жіберіп жатқанымыз жоқ. Әзірге қосымша білім беру орталықтарына да барған емес. Қызым қандай жетістікке жетпесін, алдымен, ұстаздарына айтар алғысым шексіз. Күн сайын жаңа нәрсені армандап отырады. Бір күн мұғалім болғысы келе, келесі күні дәрігер болсам дейді. Ол әрдайым «Мен ақын боламын» деп жүреді. Кішкентайынан көркем сөзді көп жаттаған соң ба өзі де күбірлеп ұйқас қуып, өлең шығарып отырады. Мұны ол өзі де байқамайтын болар. Сырттан тыңдап отырған мен оның бұл ісіне іштей қуанып отырамын. Қызымның Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Ақұштап Бақтыгереева сынды қазақтың бірегей ақын




қыздарының жалғасы боларына сенемін, – дейді ол.

Тек әдебиетке ғана емес, спортқа да бейім оқушы өз қатарластыранан оқ бойы алға озып келеді. Кездескен жанды тәтті қылығымен, шадыман күлкісімен баурап алатын Жезқазғанның жарық жұлдызы, сұлу да сүйкімді, есті де ерке кішкентай Милананың алдағы уақытта да көптен дараланып, алға озары анық.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

